

**ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«ЭЛИТАЛЫҚ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ «ZAMAN»**



**«Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN»
мектебінің ішкі тәртіп
Ережелері**

Ереженің мәртебесі -
ЖАҢАРТЫЛҒАН, 2-нұсқа
(Педагогикалық кеңес отырысында қаралды, 2024 жылғы 26 ақпан №04 хаттама)

| | |
|---|---|
|  | <p align="center">«Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» ЖШС</p> <p align="center">Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарғалы ш.а. Кенесары хан к-сі, 56/1, +7 (727) 339-13-31, +7 747 111 26 05 info@zaman-school.kz</p> |
| <p>Құжаттың атауы</p> | <p align="center">«Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» мектебінің ішкі тәртіп Ережелері</p> |
| <p>Жасаған</p> | <p>Заңгер Г.О.Райстанова</p> |
| <p>Келісілді</p> | <p>Академиялық директор Т.Б.Тлеулина Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар М.Ж.Жұрсынқанов Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі инженер Р.Д.Карибаев</p> |
| <p>Құжаттың мәртебесі</p> | <p>Жаңартылған. Педагогикалық кеңес отырысында қаралды. 2024 жылғы 26 ақпандағы № 4 хаттама</p> |
| <p>Нұсқа</p> | <p>№ 2</p> |

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-------|
| 1. Жалпы ережелер | 2-3 |
| 2. Мектеп қызметінің мақсаты | 3-4 |
| 3. Оқу-тәрбие үрдісінің тәртібі және жұмыс режимі | 4-8 |
| 4. Бірыңғай мектеп формасына және оқушылардың сырт келбетіне қойылатын талаптар | 8-10 |
| 5. Оқушы кодексі. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері | 10-14 |
| 6. Оқушының мектептегі тәртіп ережесі | 14-18 |
| 7. Оқушының сабақты босату тәртібін қадағалау | 18 |
| 8. Оқушыларды ынталандыру | 19-20 |
| 9. Оқушы кодексінде көзделген шектеулер мен тыйым салынған жағдайлар | 20-23 |
| 10. Оқушының жауапкершілігі. Тәртіп бұзудың түрлері және оған қолданылатын шаралар | 23-31 |
| 11. Ата-ана кодексі. Оқушының заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері | 31-35 |
| 12. Ата-аналардың жауапкершілігі | 35-36 |
| 13. Мектептің, қызметкерлердің негізгі міндеттері | 36-39 |
| 14. Педагогикалық кеңес | 39-40 |
| 15. Әкімшіліктің негізгі міндеттері | 40-41 |
| 16. Даулы мәселелерді шешу | 41 |
| 17. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас және өзара әрекеттерді ұйымдастыру | 42 |
| 18. Әріптестермен қарым-қатынас жасау | 42 |
| 19. Қорытынды ережелер | 43 |

БЕКІТІЛДІ
«Элиталық қазақ мектебі ZAMAN» ЖШС
бас директоры
Г.Р.Нурова

1. Жалпы ережелер

1.1. «Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» мектебінің (бұдан әрі – Мектеп) ішкі тәртіп Ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, мектеп Жарғысына, саясатына сәйкес әзірленген және мектепалды даярлық, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Мектеп қызметінің тәртібін айқындайды.

1.2. 2022 жылғы 22 қыркүйектегі KZ51LAA00032651 білім беру қызметімен айналысу лицензиясы және Мектептің Жарғысы негізінде әрекет ететін жеке меншік нысандағы мектеп, өзінің негізгі қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын және Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтарын, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органдардың құқықтық нормативтік актілерін, құрылтайшының шешімдерін, Мектеп Жарғысын және осы Ережелерді басшылыққа алады.

1.3. Осы Ереже білім алушыларға арналған оқу үрдісінің тәртібін, сондай-ақ білім алушының өзін-өзі лайықты ұстауын, мектеп ғимаратында, сыртқы алаңдарда, сондай-ақ мектептен тыс іс-шараларда білім алушылардың мінез-құлық тәртібін, сырт келбетке қойылатын және мектеп формасының бірыңғай талаптарын, білім алушылар мен олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), мектептің, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

1.4. Осы Ереженің мақсаты: педагогтер мен оларға теңестірілген тұлғалардың, әкімшіліктің, оқушылар мен олардың заңды өкілдерінің өзара сыйластығы мен ынтымақтастығы негізінде қарым – қатынас жасау арқылы білім алушыларға жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму еркіндігін ұсына отырып, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру болып табылады.

1.5. Осы Ереже мектептегі білім беру процесіне қатысушыларға: мектептің педагогикалық қызметкерлері, оқушылар, оқушылардың ата-аналары (олардың заңды өкілдері) үшін, сондай-ақ әкімшілік және мектептің басқа қызметкерлері үшін де міндетті болып табылады.

1.6. Ереже мектептің сайтында, интернет-ресурсында жарияланады, сондай-ақ мектепте көрнекі жерге ілінеді.

1.7. Әкімшілік, кураторлар, ассистенттер оқушылар мен олардың заңды өкілдерін осы Ережемен танысқандары туралы белгі мен олардың қолдарын қойдыра отырып, мына жағдайларда таныстырады:

- 1) мектепке қабылдау туралы өтініш жазып жүгінген кезде;
- 2) оқу жылының басында ата-аналармен мектепшілік жиналыстарда, кураторлық сағаттарда;
- 3) конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды қабылдау кезінде;
- 4) көрсетілетін қызметтер туралы келісім-шарттарға қол қою кезінде.

1.8. Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарғалы шағын ауданы, Кенесары Хан, №56/1.

1.9. Әр оқу жылының соңында мектеп қауымдастығымен қайта қарастырылады.

2. Мектеп қызметінің мақсаты және басқару

2.1. **Мектеп қызметінің негізгі мақсаты** – қазіргі қоғамдағы өзгерістерге оңай бейімделе алатын және оның дамуына сындарлы үлес қоса алатын тұлғаның интеллектуалдық, физикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін үйлесімді және перспективті білім беруді қамтамасыз ету.

2.2. **Мектептің миссиясы** - ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, қоғамға қызмет ететін ізденімпаз, бәсекеге қабілетті жаһандық азаматты қалыптастыруға жағдай жасау.

2.3. **Мектептің білім беру жүйесіндегі басты мақсаты:**

- Сапаға қол жеткізу;
- Инновациялық бастамашылық;
- Тиімді әдіс – тәсіл;
- Қолжетімді білім беру;
- Ашықтық;
- Бәсекеге қабілеттілік.

Мектептің ұстанымдары: Әділеттілік; Мейірімділік; Академиялық адалдық; Жаһандану; Азаматтық және жеке жауапкершілік.

Мектептің құндылықтары:

1. Қыркүйек – сүйіспеншілік
2. Қазан – құрмет
3. Қараша – эмпатия
4. Желтоқсан – патриотизм
5. Қаңтар – жауапкершілік пен әдептілік
6. Ақпан – табандылық пен еңбекқорлық
7. Наурыз – ұлттық құндылықтар
8. Сәуір – әділдік пен кішіпейілділік
9. Мамыр – батылдық пен ынтымақтастық

Мектептің өзекті мәселесі:

- 1) заман талабына сай парасатты, ұлттық құндылықтарды құрметтей білетін, рухани-мәдениеті жоғары, жүрегі таза, көкірегі ояу, өз бетінше ізденетін ұлттық зиялы қауым қалыптастыруға жағдай жасау;
- 2) білім беру процесінің оқушы бойында өз халқының мәдениетіне деген құрмет сезімін, мәдениетаралық түсінік пен толеранттылықты қалыптастыруға бағытталуы.

2.4. Жарғылық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес Мектеп ақылы негізде ақылы қызметтерді көрсету туралы келісім жасай отырып, білім беру бағдарламаларын ұсынуға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес МЖБС талаптарынан тыс қосымша білім беру қызметтерін, өзге де қызмет түрлерін көрсетуге құқылы.

2.5. Мектептің қызметін қаржыландырудың негізгі көзі ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден түскен кіріс болып табылады.

2.6. Мектептің қызметі, ұйымдастыру құрылымы, басқару жүйесі және барлық қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері мектептің білім беру үлгісінің ерекшеліктеріне сәйкес әзірленеді.

Мектеп Халықаралық Бакалавриат ұйымында авторландырудан немесе халықаралық институционалдық аккредиттеуден өткен өз бетінше әзірленген кіріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымына үміткер болып табылады. Қазіргі таңда Халықаралық Бакалавриат ұйымының білім беру (IB) бағдарламалары бойынша кандидат мәртебесіне ие.

2.7. Мектепте алқалық басқару органдары құрылады. Алқалық басқару нысандары: Педагогикалық кеңес, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамқоршылық, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестері, ата-аналар комитеті және т.б. болып табылады.

3. Оқу-тәрбие үрдісінің тәртібі және жұмыс режимі

3.1. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған Мектеп бекітетін ережелермен айқындалады.

3.2. Мектеп білім беруді оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес қамтамасыз етеді.

3.3. Оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі.

3.4. Білім мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ескеріліп жасалған бағдарламалар мен оқу жоспарлары негізінде анықталады. Мектеп білім беру процесінде мектептік білім берудің үздік педагогикалық тәжірибесін қолдануды іске асырады.

3.5. Базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты Мектептің ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді Мектеп дербес жүзеге асыруға құқылы.

3.6. Мектепте тіл саясаты сақталады, білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

3.7. Білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету.

3.8. Мектепте тәрбиелеу жұмыстарының жүйесі отансүйгіштікті, азаматтылықты, этникааралық толеранттылықты, жоғары адамгершілік пен өнегелікті қалыптастыруға, сонымен қатар функционалды сауаттылықты, оқушылардың жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталады.

3.9. Мектеп оқу процесін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен мектепалды даярлығы, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім

деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын ескере отырып жүзеге асырады.

3.10. Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі керек. Мектепте оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің жоспарын және сабақтар кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

3.11. Мектепте сабақтар кестесін мектеп директоры не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

3.12. Мектепте біржылдық мектепалды даярлығы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері іске асырылады. Мектеп негізгі орта, жалпы орта білім беретін үлгілік оқу бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды береді.

3.13. Бес-алты жастағы балалардың біржылдық мектепалды даярлығы сыныптарының негізгі міндеттері: білім алушылардың дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау, сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, білім алушылардың өмірін және денсаулығын қорғау, ата-аналарға білім алушыны тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету, білім алушының дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

3.14. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машықтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

3.15. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

3.16. Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

3.17. Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, дифференциациялау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген.

3.18. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі бекіткен білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

3.19. Мектепте қосымша білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары іске асырылады.

3.20. Мектеп білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық-

эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде тамақтандыру объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

3.21. Мектеп үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

3.22. Мектеп бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, өзінің Жарғысында не өзге ішкі нормативтік актілерінде айқындалатын оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.

3.23. Білім алушылар, педагогтар, білім алушылардың заңды өкілдері білім беру процесінің субъектілері болып табылады.

3.24. Мектепте оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.25. Оқу жылы - оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап келесі жылғы 31 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

3.26. Оқу жылының ұзақтығы:

- мектепалды даярлығы сыныпта – 34 оқу аптасы,
- бірінші сыныпта 35 оқу аптасы,
- 2-11 сыныптарда 36 оқу аптасы.

3.27. Оқу жылы бойында әр жылдардағы демалыстар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарында жаңа оқу жылының басталуы туралы» бұйрықтары негізінде белгіленеді.

3.28. Мектепалды даярлық сыныбы мен бірінші сыныпқа 3-ші тоқсанның ортасында қосымша демалыс аптасы беріледі, оның басталуы мен аяқталу мерзімін жергілікті білім басқармалары анықтайды.

3.29. Мектеп 5 (бес) күндік жұмыс аптасы режимінде жұмыс істейді.

3.30. Сабақтар мектеп директоры бекіткен сабақ кестесіне сәйкес өткізіледі және оқу жылы барысында директордың оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен және өзге де жауапты тұлғалармен реттеледі.

3.31. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

Сабақ бастауыш сыныптарда 8.20-да басталады және 16.30-да аяқталады, ал орта және жоғары сыныптарда 8.00-де басталады және 16.30-да аяқталады.

3.32. Сабақтың ұзақтығы 40-45 минуттан аспайды.

3.33. Білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді:

- сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут,
- үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды.
- бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасау қарастырылады.

3.34. Мектепалды даярлығы сыныбында, бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының сатылы режимін қолдану қарастырылуы мүмкін.

3.35. Мектепте тиісті жағдайлар жасау үшін № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларына сәйкес оқу жайларымен бірге алаңы бар материалдық активтердің меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару, немесе жалға алу құқығына тиесілі материалдық активтердің (оқу кабинеттерінің, жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықтар мен жиһаздардың, бастауыш білім беру деңгейі үшін жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың; компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен қамтылудың, оқу зертханалардың, спорт залдардың, медициналық пункттердің, асхана немесе буфеттің), ғимараттардың (оқу корпустарының) болуы, сондай-ақ орта білім беру ұйымының жайларында және (немесе) оған іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы қажет.

3.36. «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығының 7-тармағы 4- тармақшасы негізінде, мектеп басшысының (меншік иесінің) қарауы бойынша, басқа да үй-жайлар да бейнебақылау жүйесімен жабдықталады. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, мектептегі әжетханалардың дәлізінде (холл) бейнебақылау жүйесі орнатылуы қарастырылады. Бұл ретте, әжетханадағы кабиналардың периметрі мен іші қамтылмайды, ол орындарға бақылау нысанының орнатылуына жол берілмейді.

3.37. Мектеп білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер қорындағы деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

3.38. Мектеп басшысы "Білім туралы" Заңның 44-бабының 3 тармағына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

3.39. Еңбек ұжымының жалпы жиналысы, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, педагогтік әдеп жөніндегі кеңес отырыстарының ұзақтығы - 2 сағат, ата-аналар жиналысының ұзақтығы - 1,5 сағат, оқушылар жиналысы - 1 сағат, үйірме, секция жұмыстарының ұзақтығы - 40 пен 80 минут аралығынан артық болмауы белгіленген.

3.40. Білім алушылардың оқу сабақтары аяқталғаннан кейін білім беру-тәрбие процесінен тыс уақытта, демалыс және мереке күндері мектепте жүруіне тек әкімшіліктің жазбаша рұқсатымен ғана рұқсат беріледі.

3.41. Белгілі бір оқу жылына арналған оқу апталары мен демалыстардың нақты мерзімдері мектеп әкімшілігі бекіткен оқу жылының басталуы туралы жыл сайынғы бұйрықпен белгіленеді. Егер мемлекет тарапынан белгілі бір мерекелер қосылып, демалыс немесе жұмыс апталары өзгеретін болса, бұл жайлы әкімшілік тарапынан алдын ала хабарланатын болады.

3.42. Мектеп қызметкерлері мен мектеп арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

3.43. Мектептің жұмыс тәртібі, жұмыскерлердің күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығы Мектептің бас директорымен бекітілген ішкі еңбек тәртібі Ережелері және жұмыскерлермен жасалған еңбек шарты, жұмыс кестесі негізінде анықталады.

Жұмыс аптасының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3.44. Мектептің педагогикалық ұжымы жоғары білікті педагогтерден құралады. Мектеп олардың тұрақты кәсіби дамуын, зерттеушілік жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

4. Бірыңғай мектеп формасына және оқушылардың сырт келбетіне қойылатын талаптар

4.1. Мектепте білім алушыларға іскерлік, классикалық киім стилінде бірыңғай мектеп формасының үлгісі бекітілген.

4.2. Мектеп формасына қойылатын талаптар:

- 1) ұлдарға арналған күнделікті мектеп формасы- қою көк және ақ түстегі пола, эмблема, шалбар және ақ түсті көйлек. Аяқ киім классикалық, ыңғайлы ақ немесе қара түсті болуы тиіс;
- 2) қыздарға арналған күнделікті мектеп формасы қою көк түсті жакеттен, эмблема, белдемше (юбка) және бекітілген үлгідегі байлам (галстук), жағалы ақ көйлектен тұрады. Белдемше (юбка) ұзындығы тізеден 5 см-ден жоғары болмауы керек. Аяқ киім классикалық ыңғайлы ақ немесе қара түсті болуы тиіс.
- 3) спорттық киім, аталған киім іскерлік киім үлгісіне жатпайды, тек денешынықтыру сабағында, спорт секциялары мен үйірмеделерде, спорттық мерекелер мен жарыстарда және саяхат жорықтарында ғана киіледі.

Спорттық киім түрлерін (футболка, спорттық костюм, кроссовки) білім алушы ауа райына және сабақтың қайда өтетіндігіне байланысты таңдай алады.

4.3. 10 – 11 сыныптардың оқушылары алғашқы әскери дайындық сабағына арнайы форма киеді.

4.4. Киім міндетті түрде таза, үтіктелген, аяқ киімі тазартылған болу керек; сыртқы келбет жалпы мектеп бекіткен ережеге сай болуы тиіс, (шаш, бет, қол таза әрі күтілген, пайдаланатын иіс сулар жеңіл немесе нейтралды болуды қажет етеді).

4.5. Мектеп формасын киген кезде мына жайттарға жол берілмейді:

- 1) Ауыстыратын 2-ші аяқ киімге арты ашық (шлөпанцы, «сланцы» т.б.), 4,5 см биік өкшелі аяқ киім, түсі өте жарқын аяқ киім киюге;
- 2) Жарқын түсті, суреті бар, тор көзді шұлықтар, сонымен қатар ұзын гетры мен гольф киюге;
- 3) Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Діни мазмұнды киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранджа, тюрбандар, иудей кипа бас киімдері және т.б.), ірі христиандық кресттер өзге де кез келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынады.
- 4) Дене аймақтарын (кіндік, бел, жамбас, кеудені) ашып жүруге тыйым салынады.

4.6. Искерлік, классикалық киім үлгісіне жатпайтындар:

- 1) Спорттық киімдер, спорттық аяқ киімдер (дене шынықтыру сабағынан тыс), майкалар мен суреті бар футболкалар, қысқа киімдер, кіндіктен жоғары жейделер мен кеудешелер, ашық өңірлі блузкалар т.б.;
- 2) Джинсылар, шолақ, денеге тар шалбарлар, қысқа белдемшелер және т.б.
- 3) жеңіл –желпі демалысқа арналған киімдер, ашық, селдір, түрлі-түсті киімдер, маталы көйлектер, жағажайға арналған киімдер, жағажай аяқ киімдері, биік өкшелі туфлилер және т.б. өрескел киімдер.
- 4) ірі, жарқыраған аксессуарлар мен әшекей бұйымдар.

4.7. Білім алушылардың шаш үлгісі мен сыртқы келбеті мектепте қабылданған искерлік киім стилінің нормаларына сәйкес келуі қажет.

4.8. Білім алушылардың шаш үлгісі мен сыртқы келбетіне қойылатын талаптар:

- 1) ұлдар (жігіттер) үшін: қысқа классикалық немесе модельдік шаш қию;
- 2) қыздар үшін: ұзын шашы жиналуы керек, орташа ұзындықтағы шашты шаш қыстырғыштарымен немесе басқа да арналған бұйыммен жинап қойғаны дұрыс.

Білім алушылардың шаш үлгісі мен сыртқы келбетіне сәйкес келесі әрекеттерге тыйым салынады:

- 1) ұлдар (жігіттер) үшін: көзге кедергі жасайтын кекілмен жүруге және мұрт пен сақал өсіруге, сонымен қатар «панки», «афроөрім», өрімдер өруге, шаш үлгісінде жазулар, белгілер, суреттер мен өрнектер салуға, шашты жарқын түстерге бояуға; сондай-ақ денеге де белгілер, суреттер мен өрнектер (татуировка) салуға;

Егер шашы ұзын болса, оны түйіп жинап қоюға болады.

- 2) қыздар үшін: шашты жайып жүруге, жарқын түстерге бояуға, сонымен қатар қыздарға да «панки», «афроөрім», өрімдер өруге тыйым салынады. Жарқын түсті косметика пайдалануға, татуировка, көлемді әшекей бұйымдарын (ұзын сырға, бижутерия және т.б. аксессуарлар) тағуға, жасанды кірпік жапсыруға, пирсингпен, жарқын түсті маникюрмен, ұзын тырнақпен жүруге жол берілмейді.

4.8. Мектеп формасына мен сыртқы келбетіне қатысты талапты оқушы бірінші рет бұзған жағдайда қолданылатын шаралар:

- 1-қадам: сынып кураторы оқушыдан түсініктеме (пікір хат) алады;
- 2-қадам: сынып кураторы немесе пән мұғалімі оқушыға акт толтырады және директордың тәрбие іс жөніндегі орынбасарына өткізеді. Ол ескерту хат жазып сынып кураторына береді;
- 3-қадам: сынып кураторы осы ескертпе хат пен актінің негізінде ата-анасын ескертеді немесе қажет болған жағдайда мектепке шақыртады.

4.9 Мектеп формасы мен сыртқы келбетіне қойылатын талаптар сақталмаған жағдайда педагогикалық қызметкер, сынып жетекші/куратор білім алушыны сыртқы келбетін тәртіпке келтіру үшін заңды өкілімен бірге үйге жіберуге құқылы. Мектеп формасы болмаса білім алушы сабаққа жіберілмейді.

5. ОҚУШЫ КОДЕКСІ.

Білім алушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері.

5.1. Оқушылар міндетті:

- 1) Оқушы ғылым мен білімнің негізін қалап, өзінің білімін үздіксіз жетілдіруге, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген, заманауи өркениет талаптарына сай салауатты өмір салтын кешуге ұмтылады.
- 2) Отанды сүйуге және Қазақстанның барлық халықтарына, олардың тарихына, дәстүрлеріне, тілдеріне, ұлттық абыройына құрметпен қарауға, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, өз елін мақтан тұтуға, елін, жерін, тарихын, дәстүрін, мәдениетін, өз халқының туған тілін сүйуге;
- 3) жалпы адами құндылықтарға құрметпен қарауға, өз бойында жоғары адамгершілік қасиеттерді дамытып, жеке адами тұлға ретінде қалыптасуға;
- 4) оқу үрдісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы Ереженің, Мектеп Жарғысының, өзге де ішкі қағидаларды, Педагогикалық кеңестің, Педагогикалық әдеп кеңесінің және мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару органдарының шешімдерін, мектеп арасында жасалған білім беру және тәрбиелеу қызметі жөніндегі келісім-шартта көзделген міндеттер мен талаптарды сақтауға, әкімшілік пен педагогикалық қызметкерлердің талаптарын орындауға;
- 5) барлық жерде, оның ішінде мектеп ғимараты, ауласы, мектептен тыс жоспарланған іс-шаралар өткізілетін орындарды қоса алғанда, үнемі қауіпсіздік техникасы ережелерін, өрт қауіпсіздігі, жолда жүру ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды, жеке бас гигиенасын қатаң сақтауға, аталған ережелерді білуге;
- 6) білім беру үдерісінің тәртібіне сәйкес мектепке баруға және себепсіз сабақтан қалмауға;
- 7) Мектеп оқушыларының академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға, жауапкершілік танытуға;
- 8) ҚР Педагог мәртебесі туралы заңының талаптарын сақтауға, мектеп педагогтері мен оларға теңестірілген тұлғаларға, өзге қызметкерлерге сыйластық танытуға, олардың еңбегі мен құқықтарын, қадір-қасиетін, абыройын құрметтеуге, қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтауға, нормативтік емес лексиканы қолдануға жол бермеуге, тәртіптік теріс қылықтар жасамауға;
- 9) басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 10) Ата-анасының (заңды өкілінің) заңды талаптарын орындауға, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, отбасы мүшелеріне құрмет көрсетіп, үй шаруасына көмектесуге;
- 11) тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға;
- 12) табиғатты сақтауға, қорғауға, көбейтуге ат салысу және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға;
- 13) салауатты өмір салтын сақтап, жүйелі түрде спортпен айналысу, шынығу, өзінің Қазақстан Республикасын қорғау саласындағы қызметтерге дайындығын қолдауға;

- 14) әрбір оқушы Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін сақтауға;
- 15) ғылым мен білімнің негізін қалап, өз білімін жетілдіруге;
- 16) мектептің білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес өзінің білімі, дағдылары, практикалық дағдылары мен құзыреттіліктеріне ие болуға;
- 17) мектептің қалыптасқан дәстүрлерін, саясатын сақтауға, ұстануға, қолдауға, құрметтеуге, әрқашан мектеп ұжымының игілігіне үлес қосуға;
- 18) мектептің мәртебесі мен абыройын арттыруға атсалысуға және өзінің іс-әрекеттерімен, сөздерімен оның беделін көтеруге ықпал етуге, жетістіктерін қадір тұтуға;
- 19) мектеп ұйымының тұтастығын сақтауға атсалысуға, оның пайдалы жақтарын дамытуға;
- 20) оқу-тәрбие үрдісінің жүйелі өткізілуіне кедергі жасамауға;
- 21) Мектеп мұғалімдері мен басқа қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесіне қатысты талаптарын орындауға;
- 22) басқа оқушылардың қадір-қасиетін және тең құқықтарын құрметтеуге, ары мен намысына тимеуге, былапыт сөздерді қолданбауға, өзге тұлғалардың құқықтарын бұзатын әрекеттерден аулақ болуға;
- 23) оқушылармен, мектептің барлық қызметкерлерімен, өзге де үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас орнатуда бейбітшілік, достық қарым-қатынасты сақтауға, адал, мейірімді болуға;
- 24) әрбір адамның ар-намысын құрметтеуге, өзіне, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, өзін кез келген жағдайда лайықты, мәдениетті ұстауға, қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтауға;
- 25) тұрақты түрде дербес оқуға, оқуға арналған уақытты толық пайдалануға, өзінің білім аясын кеңейтуге ынтымақтастықпен жұмыс істеуге, өз білімін құрастыруға, қосымша білімін көтеруге;
- 26) берілген тапсырмаларды уақытымен орындауға, сабаққа жүйелі түрде дайындалуға, сабаққа керекті құрал-жабдықтарының болуын қамтамасыз етуге;
- 27) ақпараттық кеңістікте бейімделуге, сыни ойлауды дамытуға;
- 28) мектеп белгілеген бірыңғай мектеп формасын киюге, мектеп формасы мен сырт келбетіне қойылатын талаптарды сақтауға, әрдайым ұқыпты болып жүруге;
- 29) алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру пәндерінің бекітілген киім үлгісін сақтауға, дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс спорттық іс-шаралар өткізген уақытта оқушылар спорттық киімдер киюге міндетті. Спорт залға спорттық киімсіз кіруге рұқсат етілмейді;
Хореография, өзге де бейіндік пәндер, іс-шаралар бойынша қажетті киім үлгісі талаптарын орындауға;
- 30) Мектеп бағдарламасынан басқа жанжақтылық танытып, ізденіп, өзінің мүмкіндігіне қабілетіне және қызығушылығына қарай ғылыми жұмыстарды орындауға;
- 31) Мектептегі және сыныптан тыс ұйымдастырылатын сабақтарға, үйірмелерге, клубтарға, спорт секцияларына түрлі конференцияларға, қатысуға, сондай-ақ мектепті қалалық, республикалық және халықаралық олимпиадаларда, байқауларда, сайыстарда лайықты көрсетуге;

32) Мектептің өміріне, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына, сынып пен мектептің мәдени іс-шараларына, сыныптан және мектептен тыс іс-шараларға белсене қатысуға;

33) өз денсаулығына қамқорлық көрсетуге, рухани және физикалық сауықтыруға ұмтылуға;

34) денсаулық жағдайына байланысты сабаққа қатыспаған жағдайда, сынып жетекшісіне немесе кураторға/ассистентке медициналық анықтаманы ұсынуға немесе ата-анасы (заңды өкілі) өтініш жазады;

35) сабақ кезінде оқу ісі меңгерушісінің, мектеп дәрігерінің, сынып жетекшісінің рұқсатынсыз және ата-анасының сынып жетекшісіне ескертуінсіз сабақтан кетіп қалмауға. Яғни, оқушыға мектептен өз еркімен кетуіне болмайды;

36) Ата-анасына (заңды өкілдеріне) сабақ үлгерімі, тәртібі мен мінез-құлқы, денсаулық жағдайындағы өзгерістер туралы, сондай-ақ сабақтан тыс іс-шаралардың ұйымдастырылуы туралы үнемі хабарлауға;

37) өзінің іс-әрекеттері, академиялық үлгерімі үшін жауапты болуға және түсінуге;

38) Мектепке Face ID (турникет) арқылы кіріп-шығуға;

39) қоғамдық өмірге белсене араласып, өзін саналы түрде болашақ мамандық таңдауға дайындауға;

40) Мектепте және мектептен тыс кез келген жерлерде, қоғамдық орындарда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;

41) Оқушылардың, мұғалімдердің аты-жөнін жазуда және айтуда ерікті түрде бұрмалау фактілеріне жол бермеуге, толық аты-жөнін толық айтып не жазып жүгінуге;

42) Оқушылар мектеп мүлкіне, оқулықтарын, кітаптарын, оқу құралдарын, музыкалық және техникалық аспаптарды, спорттық құралдарын бүлдірмей, күтіп ұстауға, асханада және санитарлық аймақтарда, мектептің аумағында орналасқан мүліктерге ұқыпты қарауға және мектеп мүлкінің бүлінгені үшін материалдық жауапкершілікті алуға;

43) Оқушыға тапсырылған мүліктерге ұқыпты қарауға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

Мектеп кітапханасының оқулықтары, қосымша және көркем әдебиеттері мұқабамен қапталуы тиіс. Оқулықтар мен оқу құралдарды, жабдықтарды (музыкалық аспаптарды, техникалық құралдарды) тиесілі тәртіпте ұқыпты ұстап, жақсы жағдайда қайта өткізуі тиіс.

44) тазалық ережелерін үнемі сақтауға, оқу орнында, мектеп ғимаратында (сынып бөлмесі, кітапхана, асхана, спорт зал, дәліз, акт залы, әжетхана, т.б.) және оның аумағында санитариялық-экологиялық тазалықты ұстауға (әжетхана бөлмесінен басқа жерлерде түкіруге болмайды);

45) табиғи апат сипатындағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда әкімшілік пен мұғалімдердің талаптарын, қауіпсіздік ережелері мен нұсқамаларын сақтауға;

46) өзгенің затын рұқсатсыз алуға, иемденуге болмайды, жоғалған немесе ұмытып кеткен өзгенің затын мұғалімге, әкімшілікке немесе қауіпсіздік қызметінің инспекторына тапсыруға.

- 47) оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің денсаулығы мен әл-ауқатына қатер төндіретін жағдайларды әкімшілік, мұғалім, куратор назарына жеткізуге;
- 48) **осы Ереженің 9-тарауында көзделген шектеулер мен тыйым салынған жағдайларды қатаң түрде сақтауға;**
- 49) Оқушының ҚР қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге де міндеттері бар.

5.2. Оқушы құқылы:

- 1) Білім алушының тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, өзіне және ата-анасына (заңды өкілдеріне) қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие;
 - 2) әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуға, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар;
 - 3) білім алушы мектептің білім беру бағдарламаларына сәйкес сапалы білім алуға;
 - 4) ешқандай кемсітушіліксіз, қысымшылықтан, қорлаудан және төзімсіздіктен қауіпсіз және жағымды білім беру ортасында өзінің білім аясын кеңейтуге;
 - 5) оқу үдерісі туралы, соның ішінде оқу жетістіктері туралы, жасына сәйкес қажетті өзге ақпаратты алуға;
 - 6) Мектептегі өмірді басқаруға қатысуға, оқушылардың өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және сайлануға және жұмысына қатысуға;
 - 7) ақпараттық ресурстарды, спорттық, оқу залдарын, акт залдарын, компьютерлік сыныптарды және кітапханаларды еркін пайдалануға, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарымен қамтамасыз етілуге;
 - 8) білім беру және шығармашылық іс-шараларға қатысуға;
 - 9) сабақ арасындағы үзілістерге және каникулдағы демалыстарға;
 - 10) мектепте өткізілетін элективті курстар туралы ақпарат алуға және элективті пәндерді таңдау мүмкіндігіне;
 - 11) оқудағы және шығармашылық жұмыстағы жетістіктері үшін марапатталуға;
 - 12) басқа білім беру ұйымына ауысуға;
 - 13) Білім алушы мектеп мамандарының әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және медициналық көмегін алуға, өзінің сынып жетекшісіне, мұғалімдерге немесе мектеп психологына өзінің қиындықтары туралы хабарлап, олардан түсінік, жауап алуға;
- Жәбірленген оқушы мектептің кез-келген қызметкерінен көмек сұрауына құқылы.
- 14) осы Ережемен танысуға және Мектептің ішкі талаптары, осы Ережелер бұзылған жағдайда қолданылатын тәртіптік шаралармен танысуға;
 - 15) осы Ереженің бұзылуында негізсіз айыпталудан өзін қорғауға және дәлелдер келтіру мүмкіндіктеріне құқылы;
 - 16) ҚР қолданыстағы заңнамасына көзделген өзге де құқықтары бар.

6. Оқушының мектептегі тәртіп ережесі

6.1. Білім алушының мектептегі тәртібі мыналарды қамтиды:

- 1) Оқушы сабақ кестесімен белгіленген уақытта сабақта болуы тиіс. Мектепке алғашқы сабақ басталғанға дейін 10 -15 минут бұрын келеді;
- 2) Мектепке кіргенде оқушылар сыртқы киімдерін өздерінің арнайы сөрелеріне (шкафтарға) /локерлерге/ қалдырады, екінші (ауысым) аяқ киім пайдаланады;
- 3) оқушының мектеп формасы мен сыртқы келбеті белгіленген мектеп формасына және сыртқы келбетке қойылатын талапқа сай болуы керек, осы талаптарды бұлжытпай сақтайды, ұқыпты, үтіктелген, таза мектеп формасымен келуі, мектеп ішінде қажет жағдайда екінші жеңіл аяқ киім киіп жүруі, сабаққа керекті құрал-жабдықтары салынған сөмкемен, сабаққа дайын болып келуі керек;
- 4) Оқушылар лифтінi тек мектеп қызметкерлерінің сүйемелдеуімен ғана пайдалана алады. Қозғалысы шектеулі топтарға (мүгедек адамға) арналып жасалған жағдайлар мен санузелдерді пайдаланбайды;
- 5) мінез-құлық ережелерін, әдеп-ғұрып нормаларын сақтауы тиіс;
- 6) жалған сөйлемейді, әділ көзқарасты қалыптастыруы тиіс;
- 7) сөйлесуде тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек;
- 8) Мектептегі мұғалімдермен, арнайы келген қонақтармен, әкімшілік және техникалық қызметкерлермен таныс болмаса да сәлемдесіп жүруі тиіс;
- 9) Оқушылар бір-біріне атын атап жүгінеді, аттарын бұрмалап немесе лақап атпен атамайды;
- 10) басқаға дөрекі сөйлемей, айқайламауы, физикалық және (немесе) психикалық, моральдық күш көрсетпеуі, нормативтік емес лексиканы қолданбауы тиіс;
- 11) үлкен адамдардың тегін атап «сіз» деп және бөтен адамдарға да «сіз» деп сөйлеседі;
- 12) үлкен адамдарға жол береді, жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларына және де ер балалар қыз балаларға жол берулері тиіс;
- 13) жағымсыз қылықтардан, зиянды әдеттерден аулақ болуы тиіс (мектепте сағыз шайнамайды, «жаргон» сөздерді қолданбайды);
- 14) құқыққа қарсы әрекет жасамайды;
- 15) құқық бұзушылық іс-әрекетке (әрекетсіздікке) жол бермеу мүмкіндігімен, егер оқушы басқа оқушыға физикалық және (немесе) психикалық, моральдық күш көрсетіліп жатқанын көрген жағдайда, жедел түрде мектеп қызметкерлеріне хабарлауы тиіс. Мұғалім, қызметкер болған жағдайға көңіл аударып, ізінше құқық қорғау құрылымдарының қызметшілеріне хабарлауға, оларды шақыртуға құқылы;
- 16) өзінің және жолдастарының денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қатер төнген жағдай туралы, қоршаған ортаға қауіп төндіретін төтенше жағдайлар туындағаны туралы белгілі болса, ол туралы сынып жетекшісіне, мұғалімге немесе кураторға/ассистентке дереу хабарлауы тиіс.

6.2. Сабақ кезіндегі тәртіп:

- 1) Оқушы қоңырауға дейін сыныпқа кіріп, орнына отырып, сабақ басталуына дейін 2 минут бұрын өздерінің жұмыс орындарын және сабаққа қажетті құрал – жабдықтарын дайындап отыруы керек, қажетсіз өзге,артық заттар болмауы тиіс;
- 2) сабақ қоңырау соғылғанда басталады;

- 3) қоңырау соғылғаннан кейін кешігіп кіруге болмайды. Кешіккен жағдайда мектеп әкімшілігінің атына кешіккен себебін айтып, түсініктеме жазады;
- 4) педагог қызметкер кірісімен оқушылар орнынан тұрып, амандасу белгісі ретінде рұқсат етілген соң отырады. Оқушылар кез келген уақытта сыныпқа кірген әр адамды осылай қарсы алады;
- 5) сабақ кезінде мұғалім сабақтағы тәртіп ережесін өзі орнатады. Мұғалім сабаққа байланысты басқа да тәртіп ережелерін қоя алады;
- 6) оқушылар сабақ уақытын тек оқу және тәрбие мақсаттарында ғана қолдануға тиіс;
- 7) егер оқушы сұрақ қойғысы немесе айтқысы келсе, қолын көтеріп, мұғалім рұқсат берген соң сөйлеуі керек;
- 8) сабақта міндетті түрде оқулық, дәптер, күнделік, жұмыс дәптері, т.б. құрал – жабдықтар болуы керек;
- 9) оқушы сабаққа үй тапсырмасын міндетті түрде орындап келуі керек;
- 10) оқушы келесі үй тапсырмасын күнделікке жазып алуға міндетті;
- 11) әр оқу кабинеттерінде оқушы еңбекті қорғау, қауіпсіздік ережелеріне бағынып, қатаң сақтауы тиіс;
- 12) оқушыға партада отырғанда, өз денсаулығы үшін түзу отыру ережесін үнемі сақтау керектігі ұсынылады;
- 13) сабақта оқушыларға берілген тапсырмаларды, бақылау, зертханалық, сарамандық жұмыстарды бір – біріне көшіртуге қатаң тыйым салынады;
- 14) оқушыға сабақ барысында мұғалімінің рұқсатынсыз сабақтан шығып кетуге қатаң тыйым салынады. Аса қажеттілік жағдайында оқушы педагогикалық қызметкерден рұқсат сұрауға тиіс;
- 15) сабақ барысында өзінің де, өзгенің де білім алуына кедергі жасайтын әрекеттерге жол бермейді, шулауға, дауыс көтеруге, әңгімеге алаңдауға, басқа адамдарды әңгімеге алаңдатуға және сабаққа қатысы жоқ басқа да іс-әрекеттерге, ойындарға рұқсат етілмейді;
- 16) сабақтың өту барысында кедергі жасаған оқушылар туралы пән мұғалімі сынып жетекшісіне, мектеп әкімшілігіне хабарлама жасайды. Мұндай әрекет бірнеше рет қайталанған жағдайда тәрбие ісі жөніндегі мамандардың, психологтың (қажет жағдайда), сынып жетекшісі/ ассистент/ куратордың, осы білім алушының ата-анасының (заңды өкілінің) қатысуымен жиналыс өткізіледі, жиналыс хаттамамен ресімделеді немесе тиесілі акт толтырылады. Бұдан әрі шара қолдану үшін мектеп басышылығына ұсынылады.
- 17) техникалық, мобильдік құрылғыларды оқушылар білім беру мақсатында және ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін педагогикалық қызметкердің рұқсатымен ғана қолдана алады. Қалған жағдайда оқу процесіне қатысы жоқ ұялы телефондарды және басқа құрылғыларды пайдалануға жол берілмейді. Оларды сабақ барысында өшіріп немесе дыбыссыз режимді қосып, сыныптағы арнайы қорапшаға (бөлшектерге бөлінген ашық сөре) қою керек. Ереже бұзылған жағдайда педагог қызметкер сабақ уақытында осы құрылғыны алып, ашық қорапшаға қоюға құқылы. Егер, бұл талаптар бірнеше рет бұзылса, техникалық, мобильдік құрылғы оқушының заңды өкілдерінің қатысуымен қайтарылады;

- 18) оқушылар қоңырау соғылған кезде сабақ аяқталған соң мұғалімнің рұқсатымен сыныптан шығуға құқылы, жұмыс орнын, үстелді реттеп, таза түрде қалдыруы қажет;
- 19) Төтенше жағдай, табиғи апатты қоса алғанда, орын алған жағдайда оқушы мектеп әкімшілігі қызметкерлерінің және педагогикалық қызметкердің талаптарын, қауіпсіздік ережелерінің нұсқамасын орындайды;

6.3. Үзіліс (сабақ арасындағы уақыт) кезіндегі тәртіп:

- 1) оқушылардың сабақ кестесіне сәйкес немесе қажет болған жағдайда басқа кеңсеге көшу;
- 2) өзінің сабақ (жұмыс) орнын тәртіпке келтіру, реттеу;
- 3) Мұғалімнің талаптарына бағыну, мұғалім ескертсе сыныптан шығу, кезекші мұғалімдердің және де басқа жұмыскерлердің талаптарына бағыну;
- 4) физикалық жаттығулар жасау, тынығу, осы мақсатпен оқушылардан дәліздің оң жағымен беттеп, баяу жүру сұралады;
- 5) ас ішу;
- 6) ұялы телефон арқылы қоңыраулар шалу (қажет болған жағдайда)
- 7) мектеп кітапханасына бару;
- 8) медициналық кабинетке бару (қажет болған жағдайда).

6.4. Әжетханадағы мінез - құлық ережесі:

- 1) барлық санитарлық – гигиеналық талаптарды, жеке бас тазалығын мұқият сақтау;
- 2) құрылғыларды, унитазды талапқа сай қолдану, ұқыпты пайдаланып, суды ағызып, дәретхана қағазын арнайы қоқыс жәшігіне салу;
- 3) **мыналарға тыйым салынады:** дәретхана қағазын шашуға, әжетхана ішіне жазып сызуға, әжетханада алысып ойнауға, әжетхананы әңгімелесу орнына айналдыруға.

6.5. Үзіліс кезінде мектептің ішінде оқушының қауіпсіздігі үшін рұқсат етілмейді:

- 1) терезе жақтауында отыруға, өз бетімен терезені ашуға, терезеден, баспалдақтан төмен қарап иілуге, баспалдақпен жүгіруге, ойынға арналмаған жерлерге баруға қатаң тыйым салынады;
- 2) баруға тыйым салынған жерлерге (мектептің төбесі, подвал, физикалық, химиялық зертхана, шаруашылық қызмет бөлмелері) баруға болмайды,
- 3) басқа сыныптардың оқу үрдісіне кедергі келтіруге;
- 4) басқа адамдарға кедергі жасауға, қатты сөйлеуге (оның ішінде ұялы телефонмен), айқайлауға, шулауға; дөрекі сөйлеуге, балағаттауға,
- 5) бір-бірін итеруге, алысуға, жүгіруге, заттарды лақтыруға және кез келген мәселелерді шешу үшін физикалық күш қолдануға;
- 6) ойын гаджеттерін және телефон пайдалануға (тек сабаққа қажет болған жағдайда ғана пайдалануға рұқсат етіледі, қажеттілік туындаса отбасы мүшесіне немесе жақын туыстарына үзіліс кезінде хабарласа алады);

7) үзіліс кезінде оқушыларға мектеп әкімшілігінің, сынып жетекшілері мен тәлімгердің рұқсатынсыз мектептен ауласына шығуға болмайды;

Мұғалімдер, куратор/ассистент оқушыларға үзіліс кезіндегі тәртіптің сақталуына көмектеседі.

6.6. Асханадағы тәртіп:

- 1) ас ішуге тек мектептің арнайы тағайындалған асханасында ғана рұқсат етіледі;
- 2) асхана мектептің мақұлданған жұмыс режиміне сәйкес жасайды;
- 3) оқушы асханаға үзіліс немесе бекітілген тамақтану уақытында барады;
- 4) сырт киіммен кіруге, рюкзактарды, сөмкелерді әкелуге тыйым салынады, (оларды белгіленген жерге қалдыру керек);
- 5) тамақтану кесте мен мәзірге сәйкес жүргізіледі.
- 6) тағам белгіленген уақытта және кезек тәртібімен беріледі, тамақ сатып алуда тәртіпті сақтау қажет;
- 7) оқушылар тазалықты, гигиеналық ережелерді сақтауы керек, тамақ алдында және тамақтан кейін қолды сабындап мұқият жуу қажет;
- 8) оқушылар мектептің асханасына асықпай, бірін-бірі итермей, кезекті бұзбай, шуламай жүрулері керек;
- 9) асхана қызметкерлерімен сыпайы сөйлесуге және олардың талаптарын орындауға міндетті;
- 10) тамақтану мәдениетін сақтау керек, ыстық және сұйық тамақ болса жан-жағына назар аударып, сақ болу, күйіп қалмай, абайлап ішу;
- 11) оқушыларға басқа адамның ас қалдықтарын қабылдауға болмайды, дәлізде, далада, кабинетте ас ішуге, сондай-ақ асханадан тамақ (тағамдар, нан, т.б.) алып шығуға тыйым салынады;
- 12) асханаға, мектепке сырттан азық-түлік әкелуге тыйым салынады (мектептің рұқсаты берілмеген тағам түрлеріне тапсырыс беруге және оларды мектеп аумағына өткізуге жол берілмейді);
- 13) асхананың мүлкіне қамқорлық жасап, асханадағы құралдарды ұқыпты пайдалану;
- 14) ас ішіп болған соң үстел үстін жинау, пайдаланылған ыдысты арнайы орынға апару, орындықты үстелге итеріп қою керек.

6.7. Сабақтан тыс уақыттағы тәртіп:

- 1) бос уақытында оқу кабинетінде немесе мектеп аумағында сынып жетекшісімен, куратор/ассистентпен бірге болуы тиіс;
- 2) мектепте немесе одан тыс жерлерде, Қазақстаннан тыс жерлерде іс-шаралар өткізілетін кезде оқушылар қауіпсіздік техникасы ережелеріне сәйкес нұсқаулықтың талаптарын орындауға міндетті;
- 3) оқушылар мұғалімнің барлық нұсқауларын қатаң түрде орындауы керек, қоғамдық көпшілік іс-шаралары барысында өзінің немесе айналасындағылардың өміріне қауіп тудыратын кез келген әрекеттерден аулақ болуы керек;
- 4) оқушылар тәртіпті сақтау керек, қозғалыс бағыты бойынша жүру, егер ол топ жетекшінің ұйғаруында болса, топтың қадағалауында болу;

- 5) жеке бас гигиенасын сақтау, денсаулық нашарлаған жағдайда немесе жарақат алғанда топ жетекшіге уақытылы хабарлау;
- 6) ашық отты ұстауға (алау, майшам, от шашу, от және т.б.), химиялық қоспасы бар жарық шырақтарын қолдануға, тұтануды тудыратын құралдарды, пиротехникалық және басқа құралдарды өз бетінше қолдануға қатаң тыйым салынады;
- 7) оқушылар мектепте және одан тыс жерде жоғары мәдениеттілікті танытуы және жергілікті дәстүрлерді құрметтеуі қажет. Табиғатқа, тарихи және мәдени ескерткіштерге, жеке және топтық меншіктерге жауапкершілікпен, мұқият қарауы керек.

7. Оқушылардың сабақты босату тәртібін қадағалау

- 7.1. Негізгі сабақтардан босатылуға және (немесе) мектептен кетуіне ата-анасының (заңды өкілінің), себебін көрсете отырып, жазған өтініші бойынша ғана жол беріледі.
- 7.2. Сабақты себепсіз босатқан оқушы тәртіп бұзған болып есептелінеді.
- 7.3. Сабақтан қалудың себептерін куәландыру:
 - 1) оқушының ауырып қалғаны туралы дәрігердің берген анықтамасы;
 - 2) дәрігерге көріну (анықтаманы көрсету);
 - 3) отбасы жағдайына (жақын туысының қайтыс болуына, ауырып қалуына, оқушының қаладан тыс мекемеде емделуіне) байланысты заңды өкілдердің жазбаша өтініші негізінде бастауыш немесе жоғары мектеп басшыларының келісімімен 3 күнге (оқушының емделуіне 10 күн) дейін (денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне енгізілген жағдайларды қоспағанда) сабақтан босатуға рұқсат етіледі.
 - 4) пәндік олимпиадаларға, спорттық жарыстарға, түрлі шығармашылық және оқу процесіне байланысты өзге де іс-шараларға қатысу;

Спорттық жарыстарға, конкурстарға, байқауларға қатысқан жағдайда, ұйымдастырушылар алдын – ала мектеп әкімшілігін хабардар етуі керек. Сабақ процесі кезінде осы оқушы директордың орынбасарларының рұқсатымен сол күнгі сабақтан босатылады. Сынып жетекшісі оқушыны сабақтан жібергені туралы ата-анасын хабардар етуі керек.
- 7.4. Оқушы денсаулық жағдайына байланысты сабақтан қалатын болса, ең бірінші өз сынып жетекшісіне немесе кураторына хабарлауы керек және бірінші күні сабаққа шыққанда медициналық анықтаманы міндетті түрде көрсетуі қажет.
- 7.5. Егер оқушы пәндік олимпиадалар мен сайыстарға немесе мектеп өткізетін басқа да іс-шараларға қатысу үшін сабаққа келмесе, Білім берудің бірыңғай ақпараттық білім беру ортасында (БАББО) жазбаны куратор жүргізеді.
- 7.6. Егер оқушы мектептен тыс ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу үшін сұранатын болса, төмендегі тәртіптер сақталуы тиіс:
 - 1) заңды өкіл мектеп директорының атына жазбаша түрде өтініш беруі қажет, өтінішке мектептен тыс шараларды ұйымдастырушының атынан келген өтінім хаты қоса беріледі;

2) заңды өкілдің өтініші мұғалім мен куратордың келісімінен кейін мектеп директорының осыған сәйкес бұйрығы шығарылады.

7.7. Сайыстарға қатысу үшін қатыспаған сабақтарындағы мектеп бағдарламасы бойынша оқу материалдарын меңгеруді заңды өкіл өз жауапкершілігіне алады.

7.8. Оқушының дәлелді себепсіз сабақтан қалған күндері бірыңғай ақпараттық білім беру ортасында (БАББО) куратормен рәсімделеді. Заңды өкіл БАББО сабаққа қатыспағаны туралы жазбамен танысқаннан кейін танысқандығы туралы белгі қоюға міндетті.

7.9. Сабаққа дәлелді себепсіз қатыспағаны үшін оқушы осы Ережелерге сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

8. Оқушыларды ынталандыру

8.1. Оқушы оқудағы, өнердегі шығармашылық, спорттық жетістіктері, мектептің қоғамдық өмірінде белсенділік танытып, жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін марапатталады.

8.2. Мадақтаудың түрлері: бейресми, ресми, қоғамдық, жүлдемен, дипломмен, сертификатпен немесе кубокпен, мақала жазу.

8.3. Жекелей және жалпы (топтық) сипатта марапаттауға, сондай-ақ оқушыға бір уақытта марапаттаудың бірнеше түрін қолдануға жол беріледі.

Қоғамдық марапаттаулар сыныпта, ата – аналар жиналысында, Педагогикалық кеңес, мектептің өзге де жиналыстарында, лездемеде, «Қағанат» үйірмесінде, алғашқы және соңғы қоңырауда, мерекелік салтанатты жиындарда ұйымдастырылуы мүмкін.

8.4. Мектеп директоры осы Ережеде қарастырылмаған басқа да ынталандыру түрлерін белгілей алады.

8.5. Оқушыны ынталандыру жолдары:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) құрмет грамотасымен, мақтау қағазымен марапаттау;
- 3) «Жыл оқушысы» атағын беру;
- 4) «Жыл қағанаты» атағын беру;
- 5) мектептің интернет-ресурсында, бұқаралық ақпарат құралдарында көтермелеу туралы ақпаратты жариялау.

8.6. Мектеп оқушыларын ынталандыру жұмысын арнайы комиссия ұйымдастырады.

8.7. Ынталандыру комиссия құрамы мен ережелері әрбір оқу жылына арналған мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі. Ынталандыру комиссиясының құрамы мұғалімдер, басшылар, мектеп, оқушылар, ата-аналар комитетінің өкілдерін қамтуы мүмкін, оның құрылымын төраға (төрайым) басқарады.

8.8. Ынталандыру комиссиясының қызметі тегін жүзеге асырылады, өкілеттік мерзімі 2 (екі) жылды құрайды. Ынталандыру комиссиясының мүшесі болған тұлғалар, өкілеттік мерзімі аяқталған соң, Ынталандыру комиссиясына қайта тағайындала алмайды.

8.9. «Жыл оқушысы» атағына үміткерлер Қағанаттың оқушылар қауымдастығында, Педагогикалық кеңесте талқыланып, ағымдағы оқу жылының

соңғы айының 10 күніне дейін Ынталандыру комиссиясына ұсынылуы тиіс. Ынталандыру комиссиясы ұсынылған кандидаттар тізімінен оқушыларды анықтайды және бірінші, екінші, үшінші орындарды марапаттайды.

8.10. «Жыл Қағанаты» атағына үміткерлерді «Қағанат» оқушылар қауымдастығының кеңесінде, Педагогикалық кеңесте талқылап, ағымдағы оқу жылының соңғы айының 10 күніне дейін Ынталандыру комиссиясына тапсыру керек. Кандидаттарды талқылауда пікірталастар мен сәйкессіздіктер болған жағдайда, «Қағанат» Оқушылар қауымдастығының пікіріне басымдылықтар беріледі. Ынталандыру комиссиясы ұсынылған кандидаттар тізімінен оқушылар қауымдастығынан ең үздік біреуін анықтайды және «Қағанат» атағын береді.

8.11. Ынталандырулар мына тәртіпте қолданылады:

- 1) көтермелеу мектеп басшысының бұйрығымен жарияланады және оқушының жеке іс-қағазына енгізілуі мүмкін;
- 2) көтермелеу туралы бұйрық оқушылардың заңды өкілдерінің, ұжымның назарына жеткізіледі және әдетте салтанатты түрде өткізіледі.

9. Оқушы кодексінде көзделген шектеулер мен тыйым салынған жағдайлар.

9.1. Мектепте оқу-тәрбие үдерісін жүргізуге қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін мыналарға қатаң тыйым салынады:

- 1) мектептің ішкі тәртіп ережелерін, күнделікті қағидаларын бұзуға;
- 2) себепсіз сабаққа кешігуге, келмей қалуға;
- 3) белгіленген мектеп формасына, сырт келбетке қойылатын талаптарды сақтамауға;
- 4) сабақ кезінде өзінің де, өзгенің де білім алуына кедергі келтіруге, шу, бөтен әңгіме, сабаққа керек емес нәрселер мен әрекеттерді жасауға;
- 5) мектептің беделін түсіруге (мектептің қызметіне байланысты көрінеу жалған, анық емес мәліметтерді кез келген нысанда таратуға);
- 6) педагогке және оларға теңестірілген тұлғаларға өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде былапыт сөйлеуден, лайықсыз мінез-құлықтан, мазақ қылудан, әбес қылықтар (белгілер), заттар көрсетуден көрінген, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы құрметтемеушілік танытуға;
- 7) сабақ барысында мобильді құрылғыларды (ұялы телефон, планшет, өзге де электрондық ақпарат құралдарын) пайдалануға.

Мұғалімнің шешімі бойынша оларды қолдану қажет болған жағдайларды қоспағанда, оқушылар сабақта мобильді байланыс құралдарын пайдаланбайды;

- 8) осы Ережеде көрсетілген классикалық (іскерлік) киім үлгісіне сай келмейтін киіммен келуге, ұқыпсыз киім киюге,
- 9) әр түрлі фан-қозғалыстарды, партияларды, діни бағыттарды насихаттауға; Мектепте діни сенімдегі рәсімдердің орындалуына жол берілмейді;
- 10) мектепке фаст-фуд, газдалған сусындарды, шемішке, чипсы, сағыз, т.б. өнімдерді алып келуге, тапсырыс беруге, пайдалануға;
- 11) басқа оқушылардың денсаулығына зиян келтіретін әрекеттер жасауға, заттарды лақтыруға немесе өзінің не өзгенің денесіне нұсқауға, қатты тақауға,

- бір-бірін итеруге, аяқпен шалуға, тартқылап-жұлқылауға;
- 12) айналасындағылардың ар-намысына нұқсан келтіруге, қарым-қатынасты анықтау немесе қорқытып алу үшін дәрекілік танытуға, әдепсіз сөздерді (нормативтік емес лексиканы), бір-біріне физикалық және (немесе) психикалық күш көрсетуге, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға, адамның қадір-қасиетіне қатыгездікпен, дәрекілікпен қарауға немесе оны қорлауға, сондай-ақ әдепсіз қимылдарды қолдануға;
 - 10) мектеп әкімшілігінің, куратордың рұқсатынсыз өздерімен бірге рұқсат етілмеген адамдарды шақыруға, сырттан келген оқушыларға, адамдарға мектеп ауласына кіруге жол берілмейді, олар тек мектеп әкімшілігінің рұқсатымен ғана кіруі мүмкін;
 - 11) жекелеген адамдардың рұқсатынсыз сол адамды аудио немесе бейнежазбаға түсіруге;
 - 12) төтенше жағдай қажет болмағанда, эвакуациялық баспалдаққа шығуға, апат кезінде пайдаланылатын қосалқы есіктерді ашуға;
 - 13) мектептегі рұқсат етілмейтін орындарға (электрощит, жертөле, қосалқы қызметтік бөлмелер) баруға, ғимараттағы шаруашылық бөлмелерінің есігін ашып кіруге, инженерлік-техникалық жабдықтар мен жүйелерге тиюге, электрлік шкафтарды ашуға;
 - 14) биік заттардың немесе шкафтардың үстіне шығуға, шыны витринаға қатты жақындауға, қасында оқыс қимылдар жасауға, баспалдақтың таянышымен сырғанақ тебуге;
 - 15) өзге оқушының затын рұқсатсыз қолдануға не иемденуге, алуға;
- Жоғалған немесе иесі ұмытып кеткен затты кезекші мұғалімге немесе әкімшілікке инспекторға тапсыру керек;
- 16) оқу үрдісіне қатысы жоқ, құны 5 айлық есептік көрсеткіштен (МРП) асатын бағалы заттарды (зергерлік бұйымдар, электронды және мобильді аппараттар, фото және видеокамералар, үлкен көлемдегі ақша, басылымдар, ойын заттары, тамақ өзге де құнды заттар т.б.) әкелуге;

Қымбат бағалы заттарды алып келген жағдайда, ол заттар сынып жетекшіге немесе кураторға тапсырылуы керек.

Талаптар орындалмаған жағдайда мұғалім, мектеп әкімшілігі жоғарыда көрсетілген заттарды сақтауға алып қоюға құқылы. Сақтауға алынған заттар ата-аналарға немесе заңды өкілдерінің қатысуымен қайта беріледі.

Жеке заттарды қалдырып кетуге болмайды. Сондай-ақ киімнің қалтасына ақша, кілт, қолғап, бас киім, шарф, ұялы телефон, тағы да басқа бағалы заттарын салып қалдыруға болмайды. Оқушының киімдерінде міндетті түрде арнайы өзіне тән белгісі болуы шарт, ал мектеп формасында аты-жөні жазылуын қамтамасыз етсе болады.

Білім алушының өз затына мұқият әрі сақ болуы - өз ата-анасының алдында жауапкершілігімен және мектеп қызметкерлері мен басқа білім алушылар үшін қолайсыз жағдайдың туындауына жол бермеуімен түсіндіріледі.

Жеке заттар жоғалған жағдайда ол туралы шұғыл түрде сынып жетекшісін немесе кураторды/ассистентті, мектеп инспекторын хабардар етеді.

Осы Ереже талаптарын ескере отырып, білім алушы жеке және (немесе) қымбат заттарын жоғалтқан не олар бүлінген жағдайда, мектеп пен әкімшілік жауаптылықта болмайды.

- 17) мектепте сауда-саттық сипаттағы әрекеттерді жасауға, жұмыс, қызмет нысандарын, тауарлар (жануарлар мен жәндіктерді қоса алғанда) әкелуге, оларды жарнамалауға, сатуға, айырбастауға;
- 18) қоршаған орта үшін қауіпті жағдай тудыратын кез-келген іс-әрекет жасауға;
- 19) әдептілікке жат (эротикалық мазмұндағы), қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылыққа ықпал ететін бұқаралық ақпарат құралдарын (интернет ресурсын қоса алғанда), әдебиетті, материалдарды, ойын-сауық және басқа іс-шараларды пайдалануға, оларды қарауға;
- 20) мектепте және мектептен тыс темекі бұйымдарын, электрондық құрылғыларды тартуға, алкогольді өнімдерді, энергетикалық сусындарды ішуге, есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорларды пайдалануға, нашакорлықпен айналысуға;
- 21) өзге оқушыны жәбірлеуге (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілері және (немесе) онлайн-платформалар пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг);
- 22) басқаларды қорқытуға, ақша, өзге де заттар талап етуге, заңсыз әрекетке мәжбүрлеуге, талаптар қоюға;
- 23) жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерге, қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартуға тыйым салынады (бұл құқық бұзушылықтар заңмен қудаланады);
- 24) құмар ойындар ойнауға (оның ішінде карта, ақша салып ойнайтын ойындар), алыпсатарлық сипаттағы операцияларды жасауға;
- 25) мектептен тыс кезде оқушының заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына, компьютерлік клубтарға баруына, сол сияқты онда жіберілуіне;
- 26) заңды өкілдері еріп жүрмеген оқушының тұрғын жайынан тыс жерлерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуына.

9.2. Мектепке және мектептің аумағына әкелуге қатаң тыйым салынған, пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттар:

- 1) адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті заттар (атыс қаруы мен оқ-дәрілердің барлық түрлері, атыс қаруына тән жеке құрылымдық элементтері мен тетіктері немесе сыртқы белгілері бар, бірақ нысананы зақымдауға арналмаған заттар, қару түрлерін имитациялайтын заттар; газ баллондары, шприцтер, үшкір, кескіш, шапқыш заттар, ұрғылау-ұсақтау, лақтыру, өзге де зақымдаушы әсері бар заттар); жоғарыда аталған

- 2) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар, темекі бұйымдары, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдар, қорқорға арналған темекі, қорқор қоспасы, темекі қыздыруға арналған жүйелер, тұтынудың электрондық жүйелері және оларға арналған сұйықтықтар, құрамында алкоголь бар сусындар, (оның ішінде сыра, джин-тоник, қуаттандырғыш сусындар, т.б.), уытты (токсинді) заттар, наша және насыбай.
- 3) жарылғыш және тез тұтанатын (жанғыш) заттар (пиротехникалар), химиялық және улы заттар, психикаға белсенді әсер ететін заттар;
- 4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген № 026/у нысанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде медициналық көрсеткіштер бойынша тағайындалған препараттарды қоспағанда, дәрілік препараттар;
- 5) оқу сабақтары кезінде ақпаратты тасымалдау функциялары бар мобильді байланыс құрылғылары (пейджер, планшеттер, смартфондар***, iPad (Айпад), iPod (Айпод), плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер).

Тыйым салынған заттардың тізбесі ҚР Білім және ғылым министрінің "Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығымен бекітілген.

10. Оқушының жауапкершілігі.

Тәртіп бұзудың түрлері және оған қолданылатын шаралар

10.1. Мектеп оқушылар (кәмелеттік жасқа толмағандардың) арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу мақсатында тәртіпті нығайту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

10.2. Білім алушыларға қатысты физикалық, моральдық және психикалық зорлық-зомбылыққа жол берілмейді. Мектепте зорлық-зомбылық жағдайларына алдын алу және ден қою жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Егер психологиялық (моральдық) немесе физикалық, (аралас) зорлық -зомбылық, зиян келтіру және басқа да құқық бұзушылық жағдай орын алса, оқушы осы (куәгер, қатысушы, ренжітуші, зардап шегуші) туралы өзінің сынып жетекшісіне хабарлауға құқығы бар.

10.3. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін бірнеше рет және өрескел бұзған оқушыға, оның ішінде оқушы кодексін сақтамаған оқушыға жаза қолдану кезінде мынадай шарттарды іске асырады:

- 1) оқиғаның мазмұны бойынша сынып жетекшісінен қызметтік жазба алу;
- 2) білім алушыны тәртіпке шақыру және әкімшілік шараларды қолдану;
- 3) оқушымен жеке әңгімелесу (қажет жағдайда психологтың қатысуымен), сондай-ақ ата-анасымен әңгімелесу;
- 4) білім алушыға қолдау көрсету тобын ұйымдастыру;
- 5) мектеп психологының кеңес беруін ұсыну, білім алушыларды қолдау бағдарламаларына қатысу (занды өкілдердің міндетті келісімімен);
- 6) құқық бұзушылық фактісі бойынша мектепте түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- 7) мектеп қауымдастығы үшін салдарын түсіне отырып, заңды өкіл мен оқушы қол қойған оқушының іс-әрекеті туралы жазбаша түсініктемелерді жинақтау және оларды талдау;
- 8) Сабақта, таңертеңгілік жиындарда, куратор сағаттарында, Қағанат сағаттарында жалпы мектептік лездемелерде, тәрбие жөніндегі іс-шараларда талқылайтын тақырып ретінде қарастырып, мектепте жиі орын алатын бұзушылықтардың себебін анықтау;
- 9) тыйым салынған заттарды оқушыдан тәркілеп (алып) заңды өкіліне қайтару;
- 10) оқушыға жеке ауызша немесе ресми ескерту жасауға (хаттама және мектеп бұйрығымен);
- 11) Оқушыға алдағы қолданылатын шаралар туралы жазбаша ескерту;
- 12) Мектептен шығып қалудың алдын алу кеңесіне ұсыну;
- 13) құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша қалалық комиссияға және (немесе) ювеналды полицияға хабарлама беру;
- 14) жағдаятты ұжымдық талқылау және тиімді түрде шешу жолдарын табу үшін педагогикалық консилиум құру, мектепшілік комитетте немесе Педагогикалық кеңес, Педагогикалық әдеп кеңесі отырыстарында бұзушылықтарды қарау және мектеп басшылығына ұсыныс енгізу;
- 15) әңгімелесу нәтижесінде қол қою арқылы келісімге келу мүмкіндігін қарастыру (қажеттілік туындаған жағдайда);
- 16) Педагогикалық кеңестің ұсынуымен және мектеп директорының бұйрығымен қатаң бұзушылық үшін білім алушы мектептен шығарылуы мүмкін.

10.4. Білім алушының заңды өкілдері:

- телефон, электрондық пошта, смс-хабарлама немесе басқа телекоммуникация технологиялары арқылы оқушының бұзушылық жасағандығы туралы хабарлама алады;
- мектеп қызметкерлерімен әңгімелесу жүргізу үшін мектепке шақыртылады.

10.4.2. Білім алушы:

- телефон, электрондық пошта, смс-хабарлама немесе басқа телекоммуникация технологиялары арқылы тәртіптік теріс қылық жасағандығы туралы хабарлама алады;
- сынып консилиумында орын алған бұзушылық, оның себептері талқыланады, тәлімгерлік жұмыстар атқарылады, білім алушының мінез-құлқының жақсаруы бойынша шешім қабылданады;
- білім алушылардың арасында жанжалды бейбіт жолмен шешуде өзімен жасты білім алушылардың көмегі іске асырылады;

10.5. Тәртіптік тәртіп бұзушылықтар (теріс қылықтар) 3 түрлі ауырлық деңгейіне бөлінеді:

- 1) кішігірім тәртіп бұзушылықтар;
- 2) елеулі тәртіп бұзушылықтар;
- 3) ауыр тәртіп бұзушылықтар.

1) Кішігірім тәртіп бұзушылықтарға жататындар:

- 1) белгіленген мектеп формасына сәйкес келмейтін киім кию, ұқыпсыз киіну, сырт келбетке қойылатын талаптарды бұзу;
- 2) сабақ барысында мұғалімге және сыныптастарына кедергі келтіру;
- 3) дәлелді себепсіз үй тапсырмасын орындамау;
- 4) сабақтарға, лездемеге, таңертеңгі жиынға, жалпымектептік іс-шараларға кешігу (тоқсанына үш реттен артық);
- 5) мектептің ішінде бас киім мен сырт киім кию;
- 6) тағамды немесе сусындарды арнайы тағайындалған орындардан тыс жерлерде қолдану;
- 7) ғимаратта, мектептің аумағында және одан тыс жерде мінез-құлық ережелерін бұзу;
- 8) мектеп және мектеп маңайындағы аумақтарда тазалықты бұзу;
- 9) сабақта, сыныптан тыс сабақта ұялы телефондарды, электрондық ойындарды және кез-келген басқа құрылғыларды пайдалану, бұл оқушыны алаңдатып, оқу процесінен ауытқытады;
- 10) оқытуға және дамытуға байланысты ойындарды қоспағанда, мектепте компьютерлік ойындар ойнау;
- 11) мектеп компьютерлерін және басқа да мектеп мүліктерін пайдалану туралы мектептің ішкі актілерімен бекітілген ережелерді бұзу.

2) Елеулі тәртіп бұзушылықтарға мыналар жатады:

- 1) кішігірім тәртіп бұзушылықтарды қайталап жасау;
- 2) мұғалім өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде оқушы оған дөрекі сөйлеу, лайықсыз мінез-құлық, мазақ қылу, әбес қылықтар (белгілер), заттар көрсету арқылы құрметтемеушілік танытқан жағдай;
- 3) кәмелетке толмаған құқық бұзушылық ретінде тіркелген іс-әрекеттерді қайталап жасау;
- 4) «Академиялық адалдық сақтау ережесін» бұзу;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - мемлекеттік Ту, мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимнді мазақ ету, оларды қолдану ережелерін сақтамау, сабақтарды, элективті курстар мен үйірмелерді, секцияларды, клубтарды себепсіз босату (тоқсанына үш реттен артық);
- 6) мұғалімнің рұқсатынсыз сабақ кезінде сыныптан шығып кету;
- 7) куратордың, мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз мектептен кетіп қалу;
- 8) басқа оқушы үшін тапсырма орындау, көшіруге беру, тапсырманы көшіру, басқа оқушының жұмысын иемдену; көмекші құралдарды, рұқсат етілмеген заттарды пайдалану;
- 9) қоғамдық пайдалы жұмыстар мен іс-шаралардан (сенбіліктер, тазалық сабағы, әлеуметтік практика және т.б. жұмыстар, егер олар ұйымдастырылған болса) және сыныптан тыс іс – шаралардан, мәдени орындарға (театр, кітапхана, музей, т.б.) барудан негізсіз бас тарту;
- 10) мектептің мүлкіне (дәретхана, терезе төсеніші, шкафтар, кітаптар, оқу құралдары, парталар және тағы да басқалары) және басқа да жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне абайсызда зиян келтіру, сындыру, бүлдіру;

- 11) мектеп қоғамдастығы мүшелерінің және мектеп қонақтарының ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіру;
- 12) дөрекі, әдепсіз сөздер (нормативтік емес лексика) мен іс-қимылдарды қолдану, балағаттау;
- 13) мектепке, оның оқушылары мен қызметкерлеріне жала жабу, яғни басқаға абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, намысын аяққа таптайтын немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер, материалдарды тарату (әлеуметтік желілермен немесе басқа жолдармен, хабарлама, фото, аудио, видео және т.б.);
- 14) сымсыз қатынауды (ИК-порт, Bluetooth, радио жиіліктер және т.б.) пайдалана отырып, қызметкерлердің, мектептің әкімшілігінің, өзге де жеке және заңды тұлғалардың алдын ала келісімінсіз, егер мұндай іс-әрекеттен олардың құқықтары бұзылуы мүмкін болса, оқушылар мен басқа адамдар арасында жеке деректерді, фотосуреттерді, аудио және бейне жазбаларды беру, сақтау және түсіру, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарына беру, оның ішінде жаһандық желіні қоса алғанда;
- 15) құмарлық ойындармен айналысу.

10.6. Елеулі тәртіп бұзушылықтар болған жағдайда мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, кураторлар, психологтар мына шараларды іске асырады:

- білім алушының мінез-құлқы туралы күнделікті есеп жүргізу;
- білім алушылардың академиялық адалдық принципіне сәйкес барлық кешенді іс-шараларды орындау;
- мектептің психологиялық педагогикалық консилиумы;
- дерек көздерінен материалдарды алу, жинау, мәселені Тәртіптік комиссия отырысында, жалпы мектепшілік жиналыстарда талқылауға жіберу;
- білім алушыны қоғамдық пайдалы жұмыстарға тартуға ұсыныс енгізу;

10.7. Білім алушы:

- бұзушылық себебін сынып консилиумында, Қағанат жиынында, жалпы мектепшілік жиналыста талқылау (оқушының мінез-құлқын жақсарту бойынша шешім қабылданады);
- өзінің бұзушылық әрекетінен (әрекетсіздігінен) зардап шеккен жәбірленушіден жазбаша немесе ауызша түрде кешірім сұрау;

10.8. Білім алушының заңды өкілдері:

- 1 айға дейін сынақ мерзімін және келтірілген зиянның орнын толтыруды немесе қалпына келтіруді көрсете отырып, баланың (оқушының) теріс қылықтарының түзелуі туралы міндеттеме келісімге қол қояды;
- мүлікке келтірілген залалды қайтарады, қалпына келтіреді, сондай-ақ мүліктің құнын ақшалай өтемақы арқылы төлейді;
- білім алушының бұзушылық әрекетінен (әрекетсіздігінен) зардап шеккен жәбірленушіден жазбаша немесе ауызша түрде кешірім сұрайды.

10.8.1. Ауыр тәртіп бұзушылықтарға мыналар жатады:

- 1) елеулі тәртіп бұзушылықтарды қайталап жасау;
- 2) өзгенің ұлтына, тіліне, жасына, жынысына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға

қатысты құқығын бұзу, абыройы мен қадір-қасиетін қорлау, жыныстық, ұлттық, діни, сенім – нанымдары немесе өзге де ерекшеліктері бойынша кемсіту, нұқсан келтіру;

3) діни көзқарастар мен сенімдерді енгізу, ұлтаралық араздықты, этникалық жеккөрушілікті қоздыру, агрессияны және зорлық-зомбылықты насихаттау;

4) суық қару, жарылғыш, пиротехникалық, химиялық, тұтанғыш заттарды, өзге де қауіпті, зиянды заттарды, есірткі заттарды, улы заттар мен уларды, темекі өнімдерін, шегетін қоспалары бар электронды құрылғыларды, алкоголь ішімдіктерін, жануарларды, жәндіктерді тасымалдау және тарату;

5) суық қару, жарылғыш, пиротехникалық, химиялық, тұтанғыш заттарды, өзге де қауіпті, зиянды заттарды қолдану, алкогольдік ішімдікті ішу, шылым шегу және электронды темекі түрлерін, есірткі заттарын пайдалану, мас күйде мектепке келу, қоғамдық орындарда масаң күйде болу;

6) құқық бұзушылық фактісінің (суық қару, есірткі заттары, алкоголь ішімдіктері, қауіпті және зиянды заттарға қатысты оқиғалар) куәгері болса немесе өзіне дәйекті ақпарат белгілі болса оларды қасақана жасыру, сондай-ақ құқық бұзушылық факт туралы жалған ақпарат тарату;

7) оқу үрдісіне қатысы жоқ 5 айлық есептік көрсеткіштен (МРП) асатын қымбат бұйымдар (ұялы телефондар, фото және бейне камералар, өзге де мобильді құрылғылар, зергерлік бұйымдар, үлкен көлемдегі ақша және т.б.) ұстау;

8) өзге білім алушының, мектеп қызметкерлерінің, өзге де жеке және заңды тұлғалардың денсаулығына қасақана физикалық және (немесе) психологиялық залал келтіру (қорқыту, зәбірлеп тиісу, ақша бопсалау, төбелесу, бұзақылық, вандализм (бүлдіру), буллинг);

9) мектептегі мүлікті, өзге жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкін қасақана бүлдіру, зиян келтіру;

10) басқа адамның, жеке немесе заңды тұлғаның затын оның рұқсатынсыз не ескертусіз пайдалану, иемдену, ұрлық.

10.9. Ауыр тәртіп бұзушылықтар болған жағдайда оқушымен сынып жетекшісі, мектептің педагог – психологы, әкімшілік жұмыс жүргізеді. Құқық бұзушылық орын алса ювеналды полиция өкілдерінің қатысуымен жұмыс жүргізіледі.

Осы оқушыға қолданылатын шараны мектеп әкімшілігі кезектен тыс арнайы жиналыста шешеді.

10.10. Ауыр тәртіп бұзушылықтар болған жағдайда мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, кураторлар, психологтар мына шараларды іске асырады:

- білім алушылардың академиялық адалдық принципіне сәйкес барлық кешенді іс-шараларды орындау;
- мәселені Тәртіптік комиссия отырысында талқылау;
- Білім алушыны мектептен шығару мәселесін Педагогикалық кеңестің отырысында қарауға ұсыныс енгізу;

10.11. Білім алушы:

- бұзушылық себебін сынып консилиумында, Қағанат жиынында, жалпы мектепшілік жиналыста талқылау (оқушының мінез-құлқын жақсарту бойынша шешім қабылданады);

- өзінің бұзушылық әрекетінен (әрекетсіздігінен) зардап шеккен жәбірленушіден жазбаша немесе ауызша түрде кешірім сұрау;

10.12. Білім алушының заңды өкілдері:

- 1 айға дейін сынақ мерзімін және келтірілген зиянның орнын толтыруды немесе қалпына келтіруді көрсете отырып, баланың (оқушының) теріс қылықтарының түзелуі туралы міндеттеме келісімге қол қояды;
- мүлікке келтірілген залалды қайтарады, қалпына келтіреді, сондай-ақ мүліктің құнын ақшалай өтемақы арқылы төлейді;
- білім алушының бұзушылық әрекетінен (әрекетсіздігінен) зардап шеккен жәбірленушіден жазбаша немесе ауызша түрде кешірім сұрайды.

10.13. Оқушының жауаптылығы туындауына байланысты оқушыға қолданылатын тәртіптік шаралар:

- 1) ескерту;
- 2) көпшілік алдында (қоғамдық) кешірім сұрау міндетін жүктеу;
- 3) сөгіс;
- 4) қатаң сөгіс;
- 5) мектеп ішінде бақылауға алу;
- 6) мектептің педагог - психологінің есебіне алу;
- 7) полиция бөліміне есепке қою;
- 8) қала әкімі жанындағы уәкілетті комиссияға құжаттарын жіберу;
- 9) мектептен шығарылады.

10.14. Шұғыл жағдайда, шара қолдану үшін, әкімшілік мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзу жағдайын қарау, оның салдарын айқындау мақсатында мектеп басшысы куәгер, қатысушы, зардап шегуші, ренжітуші (егер болса), сынып жетекшісі, куратор/ассистент, тәрбие жұмысы жөніндегі басшыны, педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелерін және әкімшілік қызметкерлерін жұмылдыра отырып, шұғыл түрде комиссия құру арқылы мән-жайды анықтауға құқылы. Нәтижесінде тиесілі акт жасалады.

10.15. Сондай-ақ мектептің басшысы балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, тәртіпті күшейту мақсатында, бұйрық негізінде әр бір оқу жылына тұрақты жұмыс істейтін Тәртіптік комиссиясын құруға құқығы бар.

10.16. Тәртіптік комиссияның жұмыс тәртібі:

- 1) Тәртіптік комиссияны төраға басқарады, оның құрамы мұғалімдерді, сынып жетекшілерін, кураторларды, оқушыларды, ата-аналар комитетінің өкілдерін қамтуы мүмкін.
- 2) Тәртіптік комиссия мүшелері өз қызметтерін тегін жүргізеді, өкілеттік мерзімі - 2 жыл.
- 3) өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін осы мүшелер Тәртіптік комиссияның құрамына қайта сайланбайды.
- 4) Тәртіптік комиссия құзыретіне қатысты мәселелерді қажеттілікке қарай төрағаның шақыруымен өткізілетін өзінің отырыстарында қарайды.

10.17. Тәртіптік комиссия өз құзыретінде мынадай мәселелерді қарастырады:

- оқушылар арасында тәртіп бұзушылықтың жай-күйін қарайды және талдайды, бұзушылықтардың алдын-алуға бағытталған оқу-алдын алу жұмыстарының жағдайын зерделейді;

- мектепте оқитын оқушылардың тәртіп бұзуымен байланысты жанжалды жағдайларды қарайды;
- оқушылардың тәртіптерін күшейту, Жарғы мен ішкі тәртіп Ережелерін сақтау мәселелерін қарайды;
- тәртіп бұзған оқушылардың жеке істерін қарайды және тиісті тәртіптік шараларды қолдануға қатысты ұсыныстар енгізеді;
- тәртіпті нығайту және құқық бұзушылықтардың алдын-алу, оқушылардың заңды өкілдері мен мектеп арасында байланысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың жағдайы туралы кураторларды тыңдайды;
- кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның есебінде тіркеуде тұратын жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылайды;
- құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдерді спорттық секцияларға, топтарға және т.б. тартады;
- қиын жасөспірімдермен жеке жұмыстарды ұйымдастырады;
- арнайы отбасылармен профилактикалық жұмыстар жүргізеді.

10.18. Тәртіптік комиссиясының отырысына оның мүшелерінің үштен екісінен астамы қатысса заңды болып есептеледі. Тәртіп комиссиясының шешімі жиналысқа қатысқан мүшелерінің санының көпшілік дауысымен қабылданады.

10.19. Тәртіптік теріс қылықты, құқық бұзушылықты қарауды бастауға негіздеме:

1) мектеп директорына оқушылардан, оқытушылардан, зардап шеккендерден немесе басқа тұлғалардан келіп түскен өтініш, шағым, жазбаша немесе ауызша хабарлама;

2) тәртіптік теріс қылық жасаған оқушының өтініші (хабарламасы).

10.20. Тәртіптік комиссия оқушының тәртіптік жауапкершілікке тартылуы туралы оқушылардың заңды өкілдерінің біреуін хабардар етуге міндетті және оқушыдан заңды өкілдерімен бірге беретін жазбаша түрде түсініктеме талап етуге міндетті. Түсініктемені 1 (бір) күн ішінде ұсынуы қажет. Егер оқушы түсініктеме беруден бас тартса, онда тәртіптік комиссия мүшелерінің үшеуі қол қойған акт жасалады.

10.21. Оқушының жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы оған қатысты тәртіптік жаза қолдануға кедергі келтірмейді.

10.22. Тәртіптік теріс қылықты, құқық бұзушылықты оның нәтижелеріне тікелей немесе жанама түрде мүдделі мектеп қызметкердің қарауына жол берілмейді (мысалы, оқушы тәртіптік теріс қылық көрсеткен оқытушы). Көрсетілген талап сақталмаса, тәртіптік теріс қылықты қараудың нәтижелері жарамсыз деп танылуы мүмкін.

10.23. Тәртіптік комиссия тәртіптік тәртіптік бұзушылықты қарау барысында мынадай мән-жайларды анықтайды:

1) тәртіптік теріс қылық бар-жоғын (тәртіптік теріс қылық фактісі);

2) қайда, қашан, қандай жағдайларда және қандай мақсатпен жасалды (орын, ақыт, әдіс);

3) қалай байқалды;

4) тәртіптік теріс қылық жасаған адам;

5) тәртіпті бірнеше оқушы бұзған жағдайда, әр оқушының кінәлілігінің дәрежесін және нысанын, оның іс-әрекетіндегі (әрекетсіздігіндегі) айыптылығын анықтау;

- 6) бұзушылықтың салдары қандай;
- 7) оқушының жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар;
- 8) оқушының тәртіптік жауапкершілікке тартылмайтын жағдайлары (шектеулер);
- 9) оқушының алдыңғы және кейінгі мінез-құлқы;
- 10) тәртіптік теріс қылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар;
- 11) тәртіптік теріс қылықты дұрыс және объективті қарау үшін маңызы бар өзге де фактілер.

10.24. Тәртіптік іс жүргізуге қатысушылардың кез-келгенінің қатыспауы қарауды кейінге қалдыруға негіз болып табылмайды. Бұл жағдайда басқа адамдардан алынған түсіндірмелер және қолда бар материалдар зерттеледі.

10.25. Маңызды мән-жайларға ие тәртіптік құқық бұзушылық белгілері бар немесе жоқ екендігін анықтайтын кез-келген ақпарат, нақты деректер тәртіптік бұзушылықтың жасалуына дәлел болып табылады.

10.26. Дәлел ретінде:

- оқушының түсіндірмесі;
- қатысушының түсіндірмесі;
- куәгердің түсіндірмесі;
- жәбірленушінің түсіндірмесі;
- маңызды дәлелдемелер;
- құжаттар.

Түсініктеме – тәртіптік теріс қылыққа және оқушының тәртіптік жауапкершілігіне қатысты жазбаша немесе ауызша түрде ұсынылатын мәлімет.

10.27. Кез-келген зат заттық дәлел ретінде танылады:

- 1) тәртіптік құқық бұзушылық жасау кезінде пайдаланылған;
- 2) оқушының әрекеті немесе әрекетсіздігі бағытталған;
- 3) тәртіптік теріс қылық жасау нәтижесінде алынған ақша, құндылықтар және өзге де мүліктік заттар;
- 4) тәртіптік теріс қылық іздерін сақтаған заттар мен құжаттар.

Құжаттар - тәртіптік жаза қолдану туралы мәселені шешу үшін жазбаша түрде баяндалатын маңыздылықтар болып табылады. Құжаттар жазбаша түрде және басқа нысанда да тіркелген мәліметтерді қамтуы мүмкін. Бұларға фото және бейне түсіру, аудио және бейне жазбалар және басқа да материалдарды тасымалдаушылар жатады.

10.28. Тәртіптік жаза оқушының дәлелді себептермен мектепте болмауы (емделу, жақын туыстарының немесе жақындарының қайтыс болуы, оның еркінен тыс мән-жағдайлар, форс-мажор) кезінде қолданылмайды.

10.29. Тәртіптік комиссия тәртіптік теріс қылық, құқық бұзушылық жасаған оқушыға тәрбиелеу шараларын қолданады.

10.30. Бір тәртіп бұзушылыққа Тәртіптік комиссияның шешімі бойынша жауап ретінде ықпал етудің бір түрі немесе жиынтықта бірнеше шаралар қолданылуы мүмкін.

10.31. Тәрбие шаралары әсер етпеген жағдайда, Тәртіптік комиссия тәртіптік жазалар қолдану үшін мектеп басшылығына ұсыныс енгізеді.

10.32. Егер оқушыны мектептен шығару туралы шараны қолдануға ұсыныс жасалса, Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырысы шақырылады.

Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жасалған мектеп басшысының бұйрығы негізінде оқушы мектептен шығарылуы мүмкін.

10.33. Тәртіптік жаза қолданылатын оқушының, сондай-ақ олардың заңды өкілдерінің мынадай құқығы бар:

- тәртіптік тексеру, тергеу барысымен танысу, түсініктеме беру, өтініш хат жазу, дәлелдемелер ұсыну;
- түсініктеме беруден бас тарту, бұл жағдайда Тәртіптік комиссияның мүшелері түсініктеме беруден бас тартқандығы туралы хаттама жасайды;
- Тәртіптік комиссияның шешімі қабылданғанға дейін жұмыс нәтижелерін жарияламау туралы талап ету;
- оқушыға қатысты шығарылған бұйрықтар мен басқа да құқықтық актілердің көшірмесін алу.

10.34. Егер оқушының тәртіптік теріс қылық жасауында қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болса, мектеп директоры заңды өкілдерді, аудандық білім беру бөлімінің, құқық қорғау органының өкілдерін сол туралы хабардар етеді.

10.35. Тәртіптік жаза шараларын қолдану туралы шешім тәртіптік теріс қылықты жасағаны туралы нақты дәйектерді қамтитын материалдардың, Тәртіптік комиссияның қортындысы немесе Педагогикалық кеңес отырысының шешімі негізінде мектеп директорының жазбаша бұйрығымен рәсімделеді.

10.36. Оқушыға тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың көшірмесі, оны қолданудың негіздерін көрсете отырып, оқушыға, заңды өкілдеріне қолхат арқылы беріледі. Оқушы, оның заңды өкілдері бұйрықпен қолхат арқылы танысудан бас тартқан жағдайда, бұйрықтың көшірмесі оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберіледі.

10.37. Егер оқушы бұдан әрі оқуға адал ниет қойып, тәртібінде жақсы көрсеткіштер көрсетіп, басқа тәртіп бұзушылыққа жол бермесе, мектептің директоры өз бастамасымен, педагогикалық қызметкердің немесе оқушылардың өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің өтініш хаты бойынша тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға құқылы.

10.38. Оқушыға қолданылған жазаны алып тастаған күннен бастап немесе соңғы тәртіптік жаза қолданылған күннен алты ай мерзім өткеннен кейін оқушы тәртіптік жазаға тартылмаған деп есептеледі.

11-тарау. АТА-АНА КОДЕКСІ.

Оқушының заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері

11.1. Заңды өкілдер құқылы:

- 1) балаларына білім беру процесінің мазмұны мен жүру жағдайы және оқушының академиялық көрсеткіштері, мінез-құлқы және оқу ортасы туралы ақпарат алуға, оқу үлгерімінің бағаларымен танысуға;
- 2) Мектептегі өзін өзі басқару органдарының жұмысына, білім беру үдерісіне қатысуға, қамқорлық кеңесін сайлауға және сайлануға (жалпы мектеп ата-аналар комитеті), сынып және жалпы мектеп ата-аналар жиналысына қатысуға және пікір айтуға;

3) оқушының мүдделері мен құқықтарын қорғауға.

4) баланың мінез-құлқына әсер етудің ерекшеліктерін ескеруге.

Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері балаға қатысты ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның адамгершілік тұрғыдан дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей, қатал, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс;

- 5) мектептің Жарғысымен және білім беру қызметін реттейтін басқа да құжаттарымен танысуға;
- 6) білім берудің мазмұнымен, қолданыстағы оқу және тәрбие әдістемелігімен, тәрбие жұмыстарын оқыту технологияларымен танысуға;
- 7) әкімшіліктің келісімімен сабақтарға және емтихандарға қатысуға;
- 8) сынып жетекшісі, ассистенті немесе куратор арқылы мектеппен әрдайым тығыз байланыста болуға (ата-аналар жиналыстарына, мектептің, оқушылардың ата-аналарға арналған іс-шараларына қатысуға);
- 9) мектептің жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 10) мектептің беделін және дәстүрін қолдауға;
- 11) келісімшарт негізінде оқушылардың қосымша білім алуын қамтамасыз етуге.
- 12) Ата-аналар жиналысы, Қамқоршылық кеңесі және ата-аналар қоғамдастығының мектеп әкімшілігімен кездесуі жөнінде уақтылы хабардар болуға;
- 13) балалардың негізгі орта білім алғанға дейін жалпы білім беру мекемесін және оқу нысанын таңдауға;
- 14) баланы басқа мектепке ауыстыруға;
- 15) оқушылар арасындағы, оқытушылар мен оқушылар, оқытушылар мен ата-аналар арасындағы келіспеушілік жағдайларды шешуге мектеп әкімшілігіне жүгінуге;
- 16) зайырлы құндылықтар негізінде балаларды адамгершілік және қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеуді қамтамасыз етуге;
- 17) Ата-аналар жиналысына қатысуға, сонымен қатар баласымен бірге тұрмаған жағдайда, егер заңға қайшылық етпесе және балаға (дене бітімі, моральдық, психологиялық жағынан) зиян келтірмесе, ол туралы ақпарат алуға;
- 18) баласының үлгерімі және тәртібі жөнінде мәселе туындаған жағдайда, жағдайды талқылау үшін Педагогикалық консилиум немесе арнайы шақырылған жиналыстың отырысына кеңес беру құқығынсыз қатысуға;
- 19) негіз болған жағдайда, қажет деп санаса, алдын ала келісім бойынша мұғаліммен кездесуге (сабақтан кейін);
- 20) Ата-аналар жиналыстарында, Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында, сонымен қатар мектеп директорымен кездесу кезінде мектепке өз пікірлері білдіруге, ұсыныстар жасауға;
- 21) Оқушыларды тексерудің жоспарлы түрлері (психологиялық, педагогикалық) туралы ақпараттарды алуға, осындай тексерулерді өткізуге келісім беруге немесе қатысуға, тексерулерді өткізуден немесе қатысудан бас тартуға, өткізілген тексерулердің қорытындысы жөнінде ақпарат алуға;
- 22) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген жекеленген

санаттағы оқушыларға берілетін қосымша жеңілдіктермен уақтылы материалдық көмек көрсетілуіне ықпал етуге;

- 23) балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның тексеруіне, тексеру нәтижелері бойынша алынған тексеру қорытындысын және ұсынымдарын талқылауға қатысу барысында балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру үшін ұсынылған шарттарға қатысты пікірлерін айтуға;
- 24) ата-ана (заңды өкіл) балаларға арнап нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни өшпенділікті қоздыруға бағытталған, тектік-топтық ерекшелікті, соғысты, терроризмді насихаттайтын, порнография бар, балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін, сондай-ақ баланың рухани және адамгершілік тұрғысынан дамуына өзгеше түрде нұқсан келтіретін ойыншықтарды және ақпараттық өнімді көрсетуді, сатуды, сыйға тартуды, көбейтуді, прокаттауды және таратуды жүзеге асыруға жол бермейді, бұл факт болған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына хабарлауға құқылы.
- 25) ҚР қолданыстағы заңнамасына көзделген өзге де құқықтары бар.

11.2. Ата-аналар немесе заңды өкілдер міндетті:

- 1) Ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері Мектептің Жарғысын, осы Ережені қатаң сақтауға, өзге де ішкі қағидаларымен белгіленген талаптарды орындауға;
- 2) мектептің дәстүрлерін және беделін қолдауға;
- 3) педагогикалық және өзге де мектеп қызметкерлерінің ар-намысын, қадір-қасиетін және еңбегін құрметтеуге;
- 4) оқушыны оқыту мен тәрбиелеу мәселесі бойынша мектепке жәрдемдесуге, өзінің үлесін қосуға;
- 5) өз балаларының оқуы мен тәрбиесі үшін жауапты болуға;
- 6) Оқушының оқу мен тәрбиедегі жауапкершілігін бақылауда ұстауға.
- 7) оқушылардың оқу демалыстарын ұйымдастыруда көмек көрсетуге.
- 8) оқушының денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға, оны жаман әдеттерден қорғауға;
- 9) оқушының өмірі мен білім алуына, оның зияткерлік және физикалық қабілеттерін дамытуға, адамгершілік құндылықтарының дамуына жағдай жасауға;
- 10) мектеп аптасының әрбір күніндегі оқушының кестесін және оқу жүктемесін білуге;
- 11) оқушының оқу орнына уақытылы келуін, яғни сабақтың басталуына дейін кемінде 10-20 минут бұрын мектепте болуын қамтамасыз етуге;
- 12) оқушының білім беру процесіне қатысы жоқ заттарды мектеп қабырғасына әкелмеуін қадағалауға;
- 13) сабақ кезінде ұялы телефонға қоңырау шалу арқылы оқушыны мазаламауға;
- 14) оқушылардың мектепте сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;
- 15) Баланың ауырғаны немесе сабаққа келмейтіні туралы мектепке дер кезінде хабарлауға, оқушы белгілі бір себептермен сабаққа қатыспаған жағдайда, дәлел құжаттарын уақытылы беруге;
- 16) оқушылардың сабаққа қатыспаған күндері бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптарды өтуін бақылауға;

- 17) Ата – аналар комитетін сайлауға және құрамында болуға;
- 18) Мектеп жұмысының жақсаруына байланысты өз пікірі мен ұсыныстарын айтуға;
- 19) ата-аналар жиналысына келуге және әр тоқсан сайын оқушының үлгерім табеліне қол қоюға, ата-аналарға арналған іс-шараларға қатысуға;
- 20) оқушының сынып жетекшісімен/кураторымен байланыста болуға, апта сайын бірыңғай ақпараттық білім беру ортасында оқушының оқудағы жетістіктері туралы ақпаратты тексеруге;
- 21) Куратормен электрондық пошта, ұялы байланыс арқылы хабарласқанда, оқушы жайлы ақпарат алғандығы жауап беруі арқылы расталады;
- 22) педагог қызметкерлермен және куратормен алдын ала келісу арқылы сабақтан тыс уақытта кездесуге;
- 23) міндетті профилактикалық егулерден бас тартқан жағдайда, оқушы мектепке медициналық мекемеден себебі көрсетілген арнайы анықтама қағазын немесе алдын ала мектеп директорының атына вакцинациядан жазбаша түрде бас тарту туралы құжатты беруге;
- 24) өзінің тарапынан мектепке, мектеп қауымдастығының мүшелеріне, жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеуге;
- 25) оқушының немесе өзінің іс-әрекетінен мектепке (мектеп мүлкінің, құрал – жабдықтарының бүлінуі), мектеп қауымдастығы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне залал келтірілген жағдайда орын толтыруға, өтеуге;
- 26) мектепке жақын аумақта жол ережелерін сақтауға, мектеп алаңына кіре берісте автокөлігін қоймауға, мектеп аумағында қалдырмауға, мектептің айналасындағы қозғалысты ескеруге;
- 27) Сипаты бойынша педагогтың кәсіби міндеттеріне кірмейтін мәселелер бойынша мұғалімнің жұмысына негізсіз араласуына жол бермеуге;
- 28) кәмелетке толмаған оқушының ата-анасы баланың заңды өкілдері ретінде оның тәртібінің қалыптасуына, оқу процесі мен оқытушыларға, мектеп әкімшілігіне құрметпен қарауына және мектепте қолайлы және қауіпсіз жағдайдың орнауына ықпал етуге ұмтылады;
- 29) оқушы елеулі немесе ауыр түрдегі тәртіп бұзушылықтар жасаған жағдайда, жәбірленушілерден ауызша немесе жазбаша түрде кешірім сұрауға;
- 30) баланың қажеттіліктерін ескере отырып, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпке сәйкес, мобильді құрылғыларды қолдануын шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға;
- 31) баланың дене бітімі, адамгершілік және интеллектуалдық дамуының негізін қалыптастыруға;
- 32) баламен тең қарым-қатынаста болуға, жеке пікірін ескере отырып, оны бағыттауға, оған кеңес беруге;
- 33) балалардың негізгі жалпы білім алуын қамтамасыз етуге және олардың жалпы білім беру мектебі немесе оған мәртебесі бойынша теңестірілген басқа білім беру мекемесінде жалпы орта (толық) білім алуына ыңғайлы жағдай жасалуын қамтамасыз етуге;
- 34) баланың материалдық жағдайын қаржылық мүмкіншілігіне қарай қамтамасыз ету;

- 35) баланы оқу құралдарымен қамтамасыз ету, үйде баланың өміріне, дамуына, дем алуына мүмкіншілік жасау, оқу тапсырмаларын орындауға көмектесуге, мектеп киімін және заттарын түгендеп, мектепке шығарып салуға;
- 36) баланың денсаулығына қарай өз қалауымен сыныптан немесе мектептен тыс шараларға қатысуына рұқсат етуге;
- 37) баланың денсаулығына байланысты созылмалы сырқаты бар екендігін, мүгедектігін немесе сырқаттанып мектепке келмейтіндігі туралы мектеп әкімшілігін мүмкіндігінше алдын ала хабардар етуге;
- 38) дәрігердің, мұғалімдердің полиция қызметкерлерінің, педагогикалық кеңестің, психолог-дәрігерлер комиссиясының, кәмелетке толмаған жасөспірімдер комиссиясының балаға қатысты талаптарын орындауға;
- 39) Оқушының мектеп формасы болуын, оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келетін, белгіленген бірыңғай мектеп формасы мен оқушының сырт келбеті осы Ережеде көзделген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;
- Әр түрлі конфессиялардың киімдерінің діни тиесілілігінің элементтерін мектеп формасына енгізуге жол бермеуге;
- 40) Ата-аналар педагогтармен, мектеп әкімшілігімен өзара іс-әрекет баланы табысты оқыту мен тәрбиелеуге, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және басқа адамдарға құрмет көрсетуіне оңтайлы жағдайлар жасауға бағытталатынын түсінуге және оны қолдауға міндетті.
- 41) ҚР қолданыстағы заңнамасына көзделген өзге де міндеттері бар.

12. АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.

12.1. Ата-ана (заңды өкілдің) жауаптылығы мына жағдайларды қамтиды:

1) Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы, оның ішінде Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасын бұзуы;

2) Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және (немесе) оларға білім беру, олардың құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ оларға күтім жасау және күтіп-бағу жөніндегі міндеттерді орындамауы.

3) мектептің білім беру және тәрбиелеудегі қызметіне заңсыз араласуы не заңсыз іс-әрекет етуді талап етуі, өзгелердің алдында қарым-қатынас бойынша пікір таластыруы, осы әрекетімен өзге білім алушылардың құқығын бұзуы, мектепте орнықты моральдық-психологиялық жағдайдың нашарлауына ықпал етуі;

4) Мектептің беделін түсіруге (мектептің қызметіне байланысты көрінеу жалған, анық емес мәліметтерді кез келген нысанда таратқан жағдайда),

5) Педагогке және оларға теңестірілген тұлғаларға өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде былапыт сөйлеуден, лайықсыз мінез-құлықтан, мазақ қылудан, әбес қылықтар (белгілер), заттар көрсетуден көрінген, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы құрметтемеушілік танытқан жағдайда сот тәртібімен жауаптылыққа әкеп соғады;

б) кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына, түнгі уақытта ойын-сауық мекемесінде жүруі не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауына алып келген іс-әрекеті

7) кәмелетке толмағандарға не балаларға тыйым салынған мазмұндағы заттарды, ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімді тарату, яғни сату, оған жазылу, жеткізу, үлестіру, көрсету, прокаттау және (немесе) жалға беру жол беруі.

12.2. Қамқоршылығына алған баланың тәрбиесіне көңіл аудармаса, назардан тыс қамқорлықсыз қалдырса немесе басқа да жеке өз мансабы үшін пайдаланған жағдайда қамқоршысы заң алдында жауап беруге міндетті.

12.3. Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес баласына қатысты заңбұзушылық әрекет жасау сот тәртібімен жауаптылыққа әкеп соғады:

ата-ана әкімшілік, қылмыстық іс бойынша құқық қорғау органдарының алдында жауап беруге міндетті, 14 жасқа толмаған балаға жасалған заң бұзушылық пен зорлық-зомбылық әрекет үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады;

12.4. Осы кодекстегі Ережелер бұзылса ата-аналардың қатысуымен талқыланады, қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарының, білім беру басқармасының өкілдерінің қатысуымен қаралады.

Құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда аудандық полиция басқармасына және білім басқармасына дереу хабарланады.

13. Мектептің, қызметкерлердің негізгі міндеттері

13.1. Мектептің міндеттері:

- 1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау;
- 2) "Білім туралы" Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленген білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымдардың базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;
- 3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- 4) азаматтылыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- 5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 6) Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу болып табылады;

- 7) барлық оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау;
- 8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда "Білім туралы" Заңның 37-2-бабының 2-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мен білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен барлық білім алушылар үшін қашықтан оқытуды енгізеді;
- 9) Мектепте ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мүмкіндіктерін қарастырады (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады).
- 10) Мектепке қабылдау және ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы уәкілетті органы бекіткен қабылдаудың үлгілік қағидалары ескеріле отырып, Мектеп тарапынан қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.
- 11) Мектепте білім алушының, ата-анасының (заңды өкілдерінің) өзара қарым-қатынастары тараптардың құқықтары мен міндеттерін, оқу мерзімдерін, оқыту нысандарын, көрсетілетін білім беру және тәрбиелеу қызметтерін, оқу құнын, өзге де төлемдер мөлшерін айқындайды;
- 12) Білім беру және тәрбиелеу, қосымша білім беру қызметтері білім алушының ата-анасы (заңды өкілдері) мен Мектеп арасында жасалатын шартпен реттеледі.
- 13) Он алты жасқа дейінгі балалар құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, Мектептің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін ерекше жағдайлардағы Мектептен шығару шараларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іске асырады.
- 14) Мектептен шығарылған кәмелетке толмаған балалардың жалпы орта білім алуы жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жалғастырылады.

13.2. Мектеп қызметкерлері міндетті:

- 1) Мектептің Жарғысында, ішкі еңбек тәртіп ережесінде, осы Ережеде және жұмыскермен жасалған еңбек шартында, лауазымдық нұсқаулықта және (немесе) кәсіби стандартта (жасалған болса) көрсетілген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
- 2) білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты талаптарына сәйкес сапалы білім беру қызметін қамтамасыз ету;
- 3) Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау;
- 4) өзінің кәсіптік құзырлылығы аясында оқытудың теориялық және практикалық білімі мен біліктілігін сәйкесінше меңгеру;
- 5) педагогикалық кадрлардың аттестаттау туралы ережесіне сәйкес 5 жылда 1 рет аттестаттаудан өту;
- 6) еңбек тәртібін сақтау, жұмыс берушінің, басшылықтың бұйрықтарын уақтылы орындау;

- 7) мұғалімдер үшін жұмыс сабақтан 10 минут бұрын басталады, сабақты қоңыраумен бастайды;
- 8) мұғалім асханада тамақтану кестесіне сәйкес оқушылардың тамақтануын ұйымдастырады және бақылайды;
- 9) еңбекті қорғау мен қауіпсіздік талаптарын, өндірістік қажеттілікке байланысты шараларды орындау, санитарлық нормаларды, өртке қарсы ережелерді, төтенше жағдай жөніндегі алдын-ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау;
- 10) Педагогикалық қызметкерлер сабақ уақытында, мектеп ұйымдастырған сыныптан және мектептен тыс іс-шараларды өткізу кезінде және қоңырау уақытында оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауап береді. Оқушы жарақаттанып қалған жағдайда не оның денсаулығында күтпеген нашарлау белгілері байқалса, әкімшілікке және медициналық пункт маманына дер кезінде хабарлауы тиіс, шұғыл медициналық көмек қажеттілігі туындаған жағдайда жедел жәрдем медициналық қызметіне хабарланады;
- 11) жұмыста, қоғамдық орындарда өзін лайық ұстау, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, мектептің ұжым мүшелерімен және ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық таныту, өзінің парасаттылығымен, сырт келбеті мен киім кию ұқыптылығын сақтау арқылы оқушыларға үлгі болу;
- 12) білім беру процесіне қатысушыларға есімін атап, құрметті және мәдени түрде, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтай отырып жүгіну;
- 13) әріптестерінің, оқушылардың, олардың заңды өкілдерінің ар-намыс, қадір-қасиетін құрметтеу;
- 14) Оқушыларға мектеп мүлкіне ұқыпты қарауды, оқу-құралдарды ұқыпты қолдануды, электр қуатын, суды үнемді пайдалануды түсіндіру; Мұғалім сырқаттанған және тағы да басқа жағдайларда алдын-ала мектеп басшылығын ескертуге міндетті.
- 15) медициналық тексерістен уақтылы өту, еңбек гигиенасын, тазалық ережесін сақтау;

Мектеп педагогтары "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

13.3. Сынып жетекшісі міндетті:

- 1) өз жұмысын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен сынып жетекшілігі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады;
- 2) басқа мұғалімдермен тығыз ынтымақтастықта өзіне сеніп тапсырылған сынып оқушыларымен тәрбие жұмысын жүргізеді;

- 3) білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу, ата-аналармен және ата-аналар комитетімен тұрақты әрі тығыз байланыста болады;
- 4) оқушыларды салауатты өмір салтына ынталандыру;
- 5) отбасы ара-қатынасын нығайту, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- 6) сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- 7) білім алушылардың өмір сүру жағдайларын білу;
- 8) ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- 9) аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу;
- 10) білім беру ұйымының басшысын (директорын) сыныбы мен тәрбие жұмысының жай-күйі туралы хабардар ету;
- 11) қажет болған жағдайда оқушыларға уақтылы көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- 12) сынып бойынша белгіленген құжаттаманы уақтылы тиесілі жүргізу;
- 13) Toddle-дағы кері байланыстардың негізінде оқушының сабаққа қатысуын, үлгерімі мен мінез-құлқын бақылау.

13.4. Педагог қызметкерлерге тыйым салынады:

- өзінің көзқарасына қарай сабақ кестесін өзгертуге;
- оқушыларды мұғалімсіз сыныпта қалдыруға;
- білім алушыларға, персоналға немесе өзге (үшінші) тұлғаларға дөрекілік көрсетуге, дауыс көтеруге, оларға қатысты күш көрсетуге, физикалық тұрғыда тиюге, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға, сондай-ақ өзгелердің алдында олармен қарым-қатынас бойынша пікір таластыруға.

13.5. Педагогикалық этиканы бұзғаны үшін педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

14. Педагогикалық кеңес.

14.1. Мектептің Педагогикалық кеңесі мектепті алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады. Педагогикалық кеңестің құрамына мектептің барлық педагогтары кіреді.

Орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Мектеп педагогтеріне тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе басқа да кәсіптік білімі бар және білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен адамдар жатады.

14.2. Педагогикалық кеңес мына мәселелерді қарастырады:

- 1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру, оқу жұмыс жоспарларын бекіту, педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, сабақ кестесін құрастыру;
- 2) білім беру қызметтерін ұсыну сапасын бақылау;
- 3) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;
- 4) білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға

жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, жалпы орта білімі туралы үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;

5) педагогтерді аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу;

6) мектептің үш тілде оқытуға ауысуы;

7) білім алушыларға оқыту нысанының түріне рұқсат беру, қорытынды аттестаттау жүргізу;

8) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;

9) білім алушыларды қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;

10) білім алушының эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;

11) оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;

12) кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау;

13) білім беру қызметіне, оқу-тәрбие үрдісіне қатысты өзге де мәселелер.

15. Әкімшіліктің негізгі міндеттері

15.1. Оқу-тәрбие жүйесін жетілдіруге жағдай жасау.

15.2. Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты, санитарлық-эпидемиялық нормалар мен ережелер, мектептің ұсыныстары мен оқу жоспарлары негізінде дайындалған ережелерге сәйкес оқушылардың күн тәртібі мен оқу жүктемесін бекітуге қатысу.

15.3. Балалардың оқу үлгерімі, тәртібі және білім алу жағдайы туралы ата-аналардың хабарлама алуларына жағдай жасау.

15.4. Оқушылардың білім алуы үшін және балалардың құқығын, денсаулығын және өмір қауіпсіздігін қорғау мақсатында қажетті жағдайларды жасау.

15.5. Білім алушыларға қажетті өзге де қызмет түрлерін көрсету, оқушылардың тамақтануын, көлікпен тасымалдануын ұйымдастыру немесе үшінші тұлғаны тарту.

15.6. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңына, мектеп Жарғысына, ішкі еңбек тәртібіне, оқу жоспарына, кәсіби стандарт не лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес мектеп қызметкерлері міндеттерін орындауларын қамтамасыз ету.

15.7. Мектеп қызметкерінің тарапынан ҚР заңдарының талаптары, мектептің Жарғысы, ішкі еңбек тәртіптемесі, ішкі тәртіп Ережелері, Педагогикалық әдеп қағидалары бұзылған жағдайда қызметкерді жауаптылыққа тарту, жауапкершілікке шақыру.

15.8. Мектеп қызметкерлерінің еңбегін дұрыс ұйымдастыру, жұмыс жасауына қолайлы жағдай туғызу.

15.9. Еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету.

15.10. Еңбек мәдениетін, жұмыс сапасын көтеруде іс-шараларды іске асыру, еңбектің ғылымилығын ұйымдастыру үшін жағдай жасау.

15.11. Озық іс-тәжірибелерді үйрену, енгізуді ұйымдастыру.

15.12. Педагогикалық қызметкерлердің теориялық және кәсіптік деңгейін жүйелі жетілдіруді қамтамасыз ету.

15.13. Белгіленген мерзімде педагогикалық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізіп отыру.

15.14. Мектепке қажетті құрал жабдықтармен және шаруашылық заттарымен уақтылы қамтамасыз ету.

15.15. Мектеп қызметкерлерінің айлық жалақысын белгіленген мерзімде беру.

15.16. Жұмыс сапасын және оның нәтижелілігін арттыруда уақытында қорытынды жасап, үздік қызметкерлерді моралдық жағынан немесе материалдық жағынан марапаттап, қолдау көрсетіп отыру.

15.17. Қызметкерлердің белсенділіктерін және бастамаларын қолдай отырып, еңбек ұжымында іскерлік және шығармашылық ахуал туғызу.

15.18. Жұмыскердеге уақтылы еңбек демалысын беру.

15.19. Осы Ереже бекітілгеннен кейін барлық қызметкерлердің орындауларын талап ету.

15.20. Әкімшілік қызметкерлері заңсыз іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

16. Даулы мәселелерді шешу

16.1. Оқушылар мектеп әкімшілігіне өзі немесе заңды өкілдері арқылы жүгінуге құқылы:

1) мектептің білім беру үдерісін, оқытудың сапасын, кітапхананы, асхананы, медициналық қызметтерді және басқа құрылымдық бөлімшелерін пайдалану тәртібін жақсарту, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оқушылардың мүдделеріне әсер ететін кез келген басқа мәселелер бойынша өтініш беруге;

2) оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне өтініші (шағымы);

16.2. Даулы мәселелер немесе шағымдар бойынша өтініштерді қарау оқушының немесе оның заңды өкілінің, мектеп қызметкерінің өтініші болған кезде іске асырылады, онда нақты фактілер мен мәселенің мәні баяндалуы керек.

16.3. Тараптар даулы мәселені өзара әңгімелесу арқылы шешуге ұмтылады, әңгімелесу нәтижесінде шешілмеген жағдайда медиация тәртібіне жүгінеді, осы тәртіптерде шешілмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

16.4. Мектеп әкімшілігі анонимді өтініштерді есепке алмайды, қарастырмайды.

16.5. Мектеп әкімшілігі оқушыларды және олардың заңды өкілдерін қабылдау жүргізу кестесіне сәйкес айына 1 реттен кем емес жеке қабылдау арқылы туындаған даулы жағдайларды реттеуге ықпал етеді.

17. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді ұйымдастыру

17.1. Білім беру процесіне қатысушы өзге қатысушының жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

17.2. Мектеп әкімшілігі мен педагог қызметкерлердің оқушылардың заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынасты қалыптастырудағы міндеттері:

1) өзін-өзі басқару органдарының (ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес, ынталандыру және тәртіп комиссия) жұмыстарына қатыстыру арқылы заңды өкілдерді оқу үдерісіне тарту;

2) ата-аналар мектебі, балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынастың психологиялық аспектілері туралы іс-шаралар ұйымдастыру, оқыту нысандарын белгілей отырып, оқытулар өткізу;

3) оқу үрдісінде білім беру процесіне қатысушылардың кәсіби және жеке тәжірибелерін ескеру және қолдану;

4) мерекелік, спорттық және мамандық таңдауға бағытталған іс-шараларға қатыстыру арқылы заңды өкілдердің белсенділігін арттыру;

17.3. Мектеп әкімшілігі мен педагог қызметкерлері оқушылардың заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру бойынша:

- оқушыларды тәрбиелеу бойынша оның мүмкіндіктерін анықтау мақсатында отбасын зерделеу;

- білім алушының мектептегі және отбасындағы әл-ауқаты, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мәселелері бойынша заңды өкілдерге кеңес беру, қолдау көрсету мүмкіндіктерін қарастыру;

- мектепте заңды өкілдер үшін Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу, сол күні заңды өкілдерге кез-келген нысандағы сабаққа кіру құқығын бере отырып.

17.4. Мектеп әкімшілігі және педагог қызметкерлері заңды өкілдерді балаларының мінез-құлқы туралы хабардар етуге міндетті. Сонымен қатар, оқушылардың жағымсыз (негативті) мінез-құлқына қатысты оны түзету немесе оның қайталануының алдын алу мақсатында бірлескен шаралар ұйымдастырады. Оқушылардың заңды өкілдерімен консультациялық әңгімелесуді мектеп өкілдері жүргізеді.

18. Әріптестермен қарым-қатынас жасау.

18.1. Педагогтер бір-біріне сыпайылық пен биязылық танытады, моральдық-әдептілік нормаларын сақтайды.

18.2. Басқа педагогтің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді.

18.3. Дәйексіз және дәлелсіз шағымдардан бас тартады;

18.4. Педагогикалық әдептің бұзылғанына шағым жасаған адамға қарсы жауап шараларын қабылдамайды.

19. Қорытынды ережелер

19.1. Аталған құжат «Zaman» элиталық қазақ мектебінің бас директоры бекіткен күннен бастап жүзеге асырылады.

19.2. Тәртіптік теріс қылық немесе құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазалауды жоятын, жауаптылықты жеңілдететін немесе бұзушылық жасаған тұлғаның жағдайын өзге де жолмен жақсартатын, кері күшке ие. Яғни осы Ереже күшіне енгенге дейін тәртіп бұзушылық жасаған адамдарға қолданылады, құқықтық қатынастар, тәртіптік теріс қылық жасау, құқық бұзушылық орын алған күнге қарамастан, бұзушылықты қарауды бастау күнінен бастап таратылады.

19.3. Осы Ережелер мектептен тыс өткізілетін барлық шараларға да таратылады және қолданылады.

19.4. Осы ережемен реттелмеген мәселелер, мектепте бекітілген нормативтік актілерге және (немесе) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

19.5. Мектепте білім алушылардың, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) мен қызметкерлердің қарым-қатынасы білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес білім алушыларға даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

19.6. Осы Кодекс оқушы мектепке келген сәттен бастап бүкіл оқу кезеңінде қолданылады.